**«Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың
2007-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы»
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 1284 Қаулысы**

Қазақстан Республикасының қаржы секторын одан әрі дамыту және Қазақстан Республикасының ақша-кредит саясатын халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **қаулы етеді:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған **тұжырымдамасы** (бұдан әрі - Тұжырымдама) мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, осы қаулы қабылданған сәттен бастап екі ай мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне белгіленген тәртіппен келісілген көрсетілген Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын енгізсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
міндетін атқарушы К. Мәсімов**

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 1284 **қаулысымен**
бекітілген

**Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың
2007-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы**

Мазмұны

Кіріспе
1. Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың тұжырымдамасын іске асырудың негізгі қорытындылары
1.1. Ақша-кредит саясатының құралдарын жетілдіру және оны Еуропалық Одақ елдерінің стандарттарына жақындату
1.2. Валюталық қатынастарды ырықтандыру
1.3. Қаржы нарығына қатысушылардың қызметін қадағалаудың бірыңғай органын құру және дамыту
1.4. Кредиттік мекемелерді дамыту
1.5. Тұрғын үй ипотекалық кредит беруді оңтайландыру және кеңейту
1.6. Кредиттік бюроны құру
1.7. Екінші деңгейдегі банктерде жеке тұлғалардың салымдарына, міндетті кепілдік беру жүйесін дамыту
1.8. Сақтандыру нарығын дамыту
1.9. Бағалы қағаздар нарығын дамыту
1.10. Зейнетақы қызметтерінің қол жетімділігін және сапасын арттыру
1.11. Почталық-жинақ жүйесін дамыту
1.12. Даму институттары
2. Қаржы секторын дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған басымдықтары
2.1. Қазақстанның экономикалық дамуының стратегиялық мақсаттарының контексінде республиканың қаржы секторын дамытудың ұзақ мерзімді көкжиегі
2.2. Қаржы секторын дамытудың 2007-2011 жылдар кезеңіне арналған мақсаттары мен міндеттері
2.3. Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығын дамыту
3. Қазақстан Республикасының қаржы секторын реттеу саласындағы мемлекеттік саясаты
3.1. Қаржы секторын мемлекеттік басқаруды нығайту және оның сапасын арттыру
3.2. Мемлекеттік органдар мен қаржы секторы институттарының өзара іс-қимылы
3.3. Теңдестірілген ақша-кредит және фискалдық саясаты және олардың негізгі құралдарының тиімділігін арттыру
3.4. Қазақстанда бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жүйесін дамыту және жетілдіру
3.5. Қаржы нарығына және қаржы құралдарына қатысушыларға

салық салуды жетілдіру
3.6. Төлем жүйелерін дамыту
3.7. Корпорациялық басқару сапасын арттыру
3.8. Халықтың қаржы секторының қызметтері туралы хабардар болу деңгейін арттыру және олардың қол жетімділігін арттыру
3.9. Қаржы нарығы үшін кәсіби кадрлар дайындау
3.10. ЕурАзЭҚ және басқа ықпалдасу одақтары шеңберінде Қазақстан қаржы секторының халықаралық қарым-қатынастарын тереңдету
4. Қаржы секторын дамытудың негізгі бағыттары
4.1. Кредиттік ұйымдарды дамыту
4.1.1. Банк секторы
4.1.2. Банктік емес ұйымдардың секторы
4.2. Жинақтаушы зейнетақы қорлары
4.3. Сақтандыру секторы
4.4. Валюта нарығы және бағалы қағаздар нарығы
4.4.1. Валюта нарығы
4.4.2. Бағалы қағаздар нарығы
4.5. Микроқаржыландыру: сектордың Қазақстан Республикасы қаржы жүйесінің бір бөлігі ретінде міндеттері және оны дамыту
5. Қаржы лизингі

Кіріспе

Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың осы тұжырымдамасы 2007-2011 жылдарға арнап, мыналарды:

қаржы секторын мемлекеттік реттеудің бағыттарын және тәсілдерін;

қаржы секторын дамытудың басым бағыттарын;

оларды іске асыру жөніндегі қажетті шараларды айқындау мақсатында әзірленді.

Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың осы тұжырымдамасы 2007-2011 жылдарға арнап әзірленді және қаржы секторын дамытудың негізгі басымдықтарын, сондай-ақ оның жекелеген секторларын мемлекеттік реттеудің бағыттарын және тәсілдерін айқындайды.

Осы Тұжырымдаманың шеңберінде айтылған мемлекеттік саясаттың басымдықтары Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына **Жолдауында** айқындалған Қазақстан Республикасының әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру жөніндегі стратегиялық мақсатқа сәйкес қалыптастырылды. Бұл бағыттағы маңызды аспекті экономиканың нақты секторының қаржы ресурстарындағы қажеттігін қанағаттандыратын және еркін бәсекелестік жағдайында қаржы институттары сапалы қызмет көрсететін қаржы жүйесінің жұмыс істеуі шарттарын қалыптастыру арқылы Қазақстан қаржы ұйымдарының және қаржы секторының бәсекелестік қабілетін арттыру қажеттілігі болып табылады.

Сонымен бірге, Тұжырымдамада қаржы секторын дамыту және реттеу саласындағы мемлекеттік саясаттың реттілігі және сабақтастығы принципі және Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің бұрын белгілеген бастамашылығы ескерілген.

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 шілдедегі № 753 Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамыту тұжырымдамасын іске асырудың негізгі қорытындылары қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың **тұжырымдамасының** негізгі мақсаты экономиканың нақты секторының қаржы ресурстарындағы қажеттігін қанағаттандыратын және еркін бәсекелестік жағдайында қаржы институттары сапалы қызмет көрсететін тұрақты және тиімді жұмыс істейтін қаржы жүйесін қалыптастыру болды. Осыған байланысты Тұжырымдаманың мақсаттары мен міндеттеріне сүйене отырып, мынадай негізгі іс-шаралар жүзеге асырылды.

1.1. Ақша-кредит саясатының аспаптарын жетілдіру және оны Еуропалық Одақ елдерінің стандарттарына жақындату

Ақша-кредит саясатының аспаптарын жетілдіру және оны Еуропалық Одақ елдерінің стандарттарына жақындату мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мынадай негізгі шараларды іске асырды.

1. Қайта қаржыландырудың ресми ставкасын тоқсан сайын қайта қарауды және белгілеуді іс жүзінде қолданылу енгізілді, ол валюталық өтімділікті, инфляцияны және т.б. реттеу жөніндегі негізгі аспаптардың бірі ретінде пайдаланылатын болды.

Осылайша, 2006 жылғы 1 шілдеден бастап қайта қаржыландыру ставкасы 9%, екінші деңгейдегі банктерден тартылатын депозиттер бойынша 4% деңгейінде қалыптасып отыр.

Ұлттық Банктің операциялары бойынша ставкаларды арттыру нәтижесінде банкаралық ақша нарығында және банктердің кредиттері бойынша ставкаларды арттыру күтілуде, мұның өзі өз кезегінде кредиттік белсенділіктің және ақша агрегаттарының өсу қарқынын баяулатуға әкеп соқтыруға және, түпкі қорытындысында инфляцияның деңгейін төмендетуге тиіс.

2. Ең төменгі резервтік талаптарды есептеу әдістемелері жетілдірілді. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы 2006 жылғы 27 мамырдан бастап **«Ең төменгі резервтік талаптар туралы ережені бекіту туралы»** және «Ең төменгі резервтік талаптардың нормативтерін белгілеу туралы» жаңа редакциядағы қаулылары қабылданды.

Алдыңғы редакциямен салыстырғанда міндеттемелер құрылымы бөлігінде өзгерістер көзделеді, ол бойынша екінші деңгейдегі банктер ең төменгі резервтік талаптардың және есептілікті беру тәртібінің нормативтерін орындауға міндетті болады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының шешімі бойынша екінші деңгейдегі банктер үшін банктің ішкі міндеттемелеріне 6 % және банктің өзге де міндеттемелері үшін 8 % деңгейінде ең төменгі резервтік талаптардың нормативтері белгіленді.

Ең төменгі резервтік талаптарды қатаңдандыру жөніндегі көрсетілген шаралар банктердің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге және елдің ішкі борыш нарығын дамытуға оң әсер етеді деп ұйғарылып отыр.

1.2. Валюталық қатынастарды ырықтандыру

Ұлттық валютаның толық айырбасталу қағидаттарына өту және елдің валюта нарығын дамыту мақсатында неғұрлым тартымды және экономикалық жағынан ақтаған валюталық операцияларға қатысты жекелеген шектеулерді алып тастауға себепші болған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 қаңтардағы № 130 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық режимді ырықтандырудың 2003-2004 жылдарға арналған **бағдарламасы** қабылданды.

Бірінші кезеңді іске асыруды табысты аяқтау және капиталдың қозғалысына қойылатын шектеулерді алып тастаудың басталған процесін жалғастыру үшін экономикалық алғышарттарды сақтап қалу 2005 жылы екінші кезең шеңберінде валюталық режимді белсендірек ырықтандыруға мүмкіндік берді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 25 маусымдағы № 705 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында валюталық режимді ырықтандырудың 2005-2007 жылдарға арналған **бағдарламасында** айқындалған валюталық режимді ырықтандыру жөніндегі іс-шаралар 2005 жылғы 18 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілген «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының **Заңында** іске асырылды.

Заңды қолданысқа енгізумен:

банктер мен сақтандыру ұйымдары жүзеге асыратын тікелей инвестицияларды, шет елге инвестицияларды лицензиялау жойылды.

бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыратын ұйымдар арқылы шет елге инвестициялауды жүзеге асыру тәртібі айтарлықтай жеңілдетілді;

заңды тұлғалардың шет елдегі шетелдік банктерде шоттар ашуын лицензиялауды жою процесі басталды;

резидент еместерге қаржы қарыздарын беруге, сондай-ақ жылжымайтын мүлікке меншік құқығына ақы төлеуге резидент еместердің пайдасына аударымдарға қатысты лицензиялау жойылды.

Бұл ретте капиталдың жоғары шапшаңдығы және экономиканың ішкі және сыртқы күйзелістерге осалдығы жағдайларында Үкіметтің және Ұлттық Банктің валюталық операцияларға заң жүзінде ресімделген арнайы рұқсат беру режимін енгізу құқығы арқылы экономикалық сипаттағы төтенше жағдайларға әсер ету аспабы сақталады.

1.3. Қаржы нарығына қатысушылардың қызметін қадағалаудың бірыңғай органын құру және дамыту

Қаржы нарығын мемлекеттік реттеу жүйесін реформалау шеңберінде Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдеде қабылданған «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу мен қадағалау туралы» **Заңы** негізінде қаржы нарығына қатысушылардың қызметін қадағалайтын біртұтас мемлекеттік орган - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) құрылды.

1.4. Кредиттік мекемелерді дамыту

Банк секторын одан әрі дамыту, сондай-ақ Қаржы секторын дамыту тұжырымдамасының мақсаттары мен міндеттерін іске асыру мақсатында банк қызметі саласында мынадай іс-шаралар жүргізілді.

1. Шағын бизнес пен микробизнестің көлеңкеден шығуын ынталандыру мақсатында кредиттік мекемелерді дамыту шеңберінде банктерден, банк қызметінің жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан және микрокредиттік ұйымдардан тұратын кредит берудің үш деңгейлі жүйесі жасалды, олардың қызметін регламенттейтін қажетті заңнамалық актілер қабылданды.

2. Микрокредиттік ұйымдар жүзеге асыратын операциялар лицензияланатын қызмет түрлерінен алып тасталды, мұның өзі микрокредит беруді дамытуға оң түрткі болды.

3. Банктік қызметтер нарығындағы бәсекелестіктің деңгейін арттыру үшін банктік емес ұйымдарды реттеу жүйесін ырықтандыру жөнінде іс-шаралар өткізілді, олар тұтастай алғанда олардың қызметіне, оның ішінде лицензиялау, бөлігінде шамадан тыс мемлекеттік ықпалды төмендету мәселелерін көздейді. Банктердің филиалдарын, резидент банктердің өкілдіктерін, резидент емес банктердің өкілдіктерін ашуға Агенттіктің (міндетті түрде хабарлау шартымен) алдын ала келісімін беру рәсімдері жойылды, мұның өзі оларды ашудың рәсімдерін оңайлату болып табылады.

4. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне лицензиялау және шоғырландырылған қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 23 желтоқсандағы **Заңы** әзірленіп, қолданысқа енгізілді. Осы Заңда банкке және онымен байланысты конгломераттың басқа да қатысушыларына әсер ететін тәуекелдерді шектеу үшін «банк конгломератын» реттеу енгізілді, банктің ірі қатысушысы және банк холдингі мәртебесін алуға, оның ішінде ірі қатысушының және банк холдингінің меншікті құрылымының айқындылығына қойылатын талаптар күшейтілді, банктің және банк холдингінің инвестициялық қызметі шектелді, шоғырландырылған қадағалау туралы Заңның ережелерін іске асыру үшін қажетті заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер қабылданды. Бұл шаралар банк секторының және тұтастай алғанда Қазақстан қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге себепші болады.

5. Банк жүйесі қызметінің айқындылығы мақсатында Банк қызметінің ашықтығын арттыру мәселелері бойынша ынтымақтастық және өзара іс-қимыл жасау туралы меморандум әзірленіп, банктерге қол қоюға ұсынылды, мұнда банктің нақты меншік иелері туралы, банк бақылайтын ұйымдардың тізбесі туралы, банктің аффилиирленген тұлғалары және олармен жасалатын мәмілелер туралы, банк бизнесін дамытудың жақын арадағы бес жылға арналған стратегиясы туралы ақпаратты банктердің ашуы көзделеді.

Агенттік Меморандумды екінші деңгейдегі 17 банктің қарауына жіберді. 2006 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша Меморандумға екінші деңгейдегі 16 банк қол қойды.

Бұл екінші деңгейдегі банктер иелері құрылымының айқындылығы мен жариялығының деңгейін арттыруға себепші болады және қаржы секторы тұрақтылығының деңгейін арттырудағы маңызды аспекті болып табылады.

6. Қуатты қаржылық инфрақұрылымды жасауға және ұлттық қаржы жүйесіне деген сенімді арттыруға көмек көрсету мақсатында 2004 жылдың соңында Агенттік Қаржы нарығында жүйелі тәуекелдер арта түскен кезде жедел іс-әрекеттер сызбасын әзірледі және бекітті.

Еуропалық Одақтың стандарттарын және Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің, Сақтандыруды қадағалау органдарының халықаралық қауымдастығының, Бағалы қағаздар жөніндегі комиссия халықаралық ұйымының халықаралық қадағалау стандарттарының одан әрі енгізілуін ескере отырып, нормативтік құқықтық актілер, оның ішінде қаржы ұйымдарының қызметін, осы ұйымдардағы тәуекелдерді басқару жүйесін, шоғырландырылған қадағалауды пруденциалдық реттеу бөлігінде қабылданды.

7. Қазақстанның банк секторын реттеуді халықаралық стандарттарға жақындату мақсатында Қазақстанның банк жүйесін «Капиталды және капитал стандарттарын есептеудің халықаралық конвергенциясы» (International Convergence of Capital Measurement and Capital Standards) (Базель II) Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің капиталдың барабарлығы келісіміне өтуді жүзеге асыру жөніндегі жұмыс атқарылды.

1.5. Тұрғын үй ипотекалық кредит беруді оңтайландыру және кеңейту

Ипотекалық кредит берудің және тұрғын үй жинақ ақшасының бұқара халыққа қолжетімділігін арттыру жөніндегі міндеттерді шешу мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 маусымдағы № 1388 жарлығымен Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған **мемлекеттік бағдарламасы** қабылданды.

Көрсетілген бағдарлама шеңберінде «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» АҚ (бұдан әрі - ҚИК) Қолжетімді тұрғын үйге ипотекалық кредит берудің арнайы бағдарламасын қабылдады. Осы арнайы бағдарлама мемлекеттік бағдарламаны іске асыру шеңберінде ҚИК-тің банктермен және банктік емес ұйымдармен одан әрі өзара іс-қимылдарының мәселелерін регламенттейді.

Тұтастай алғанда, ипотекалық кредиттер халыққа қолжетімдірек болды. Нәтижесінде, жеке тұлғаларға 2004 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2006 жылдың 1 қаңтарына дейінгі кезеңде тұрғын үй сатып алуға берілген қарыздар тиісінше 37,7 млрд. теңгеден 275,3 млрд. теңгеге дейін артты. Бұл ретте, ипотекалық

компаниялардың жиынтық несие қоржыны 2004 жылдың қаңтарындағы жағдай бойынша 16,7 млрд. теңгеден 2006 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 68,3 млрд. теңгеге дейін артты.

Республиканың қаржы нарығында 2006 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 7 ипотекалық ұйым жұмыс істейді. Ипотекалық ұйымдардың қызметін сипаттайтын негізгі көрсеткіштердің артуы байқалды. Жиынтық активтердің сомасы 2006 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 75,3 млрд. теңгені құрады, жиынтық міндеттемелер 62,0 млрд. теңгеге дейін жетті, меншікті капиталдың мөлшері 13,3 млрд. теңгені құрады.

1.6. Кредиттік бюроны құру

Банктік қызмет көрсету деңгейін арттыру, халықтың банкке және басқа да қаржы ұйымдарына деген сенімі, қарыз алушылар мен банктердің мүдделерін қорғау жөніндегі кепілдіктерді жасау, кредиттік қызметтер нарығында тәуекелдерді азайту мәселелерін шешу үшін 2004 жылы 6 шілдедегі Заңымен қабылданған «Қазақстан Республикасында кредиттік бюро және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» Қазақстан Республикасының **Заңына** сәйкес республикадағы алғашқы кредиттік бюро құрылып, жұмыс істейді. Осылайша, белгілі бір дәрежеде кредиттік қызметтер нарығының аса айқындылығы мен сенімділігі, кредит алған кезде ақпаратты жинауға байланысты кредиттік ұйымдардан қарыз алушылар шығыстарының азаюы проблемалары шешілді.

1.7. Екінші деңгейдегі банктерде жеке тұлғалардың салымдарына міндетті кепілдік беру жүйесін дамыту

Салымшылардың мүдделерін қорғаудың деңгейін арттыру екінші деңгейдегі банктерде депозиттерге кепілдік беру жүйесінің тиімдірек жұмыс істеуі нәтижесінде мүмкін болды. Осы мақсаттарға орай үстіміздегі жылы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерде депозиттерге міндетті түрде кепілдік беру туралы» **Заңы** қабылданды, ол мәжбүрлеп таратылатын банктің салымшылары болып табылатын жеке тұлғаларға депозиттерді қайтарып беру жөніндегі сөзсіз кепілдіктерді айқындайды. Халықаралық Валюта Қорының (ХВҚ) ұсынымдарына сәйкес кепілдік берген өтеудің ең төменгі мөлшері өсті.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы жеке тұлғаларының салымдарына ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіне қатысушылар 33 екінші деңгейдегі банк болып табылады, халықтың банк секторына деген сенімі артты, мұның өзі банктердің депозит базасының ұлғаюына себепші болды, 2004 жылдың басынан бастап жеке тұлғалардың банктердегі салымдарының көлемі 73,8%-ға ұлғайып, 2006 жылдың 1 қаңтарына 596,8 млрд. теңгені құрады. Осы кезеңде салымдарды қорғау жүйесі депозиттерді сақтандырудың негізгі халықаралық стандарттарының барлығына дерлік, атап айтқанда ХВҚ және Қаржы тұрақтылығының форумы ұсынған стандарттарға сәйкес келеді.

1.8. Сақтандыру нарығын дамыту

Елдің сақтандыру нарығын дамыту саласында сақтандырудың бірқатар міндетті түрлері енгізілді, сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры, мемлекеттік аннуитеттік компаниясы, экспорт-импорт кредиттерін сақтандыру жөніндегі мемлекеттік корпорация құрылды, отандық сақтандыру нарығына шетелдің қатысу мүмкіндігі кеңейтілді.

Нәтижесінде, республиканың қаржы нарығында 2006 жылдың 1 қаңтарында 37 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, 12 сақтандыру брокері және 30 актуарий жұмыс істейді.

Сақтандыру ұйымдарының жиынтық активтері 2003 жылдың 1 қаңтарындағы көрсеткіштермен салыстырғанда 5,9 есе ұлғайып, 2006 жылдың 1 қаңтарына 73,3 млрд. теңгені құрады, сақтандыру резервтері 2,5 есе ұлғайды (32,1 млрд. теңге).

Сақтандыру сыйақыларының көлемі 2006 жылдың 1 қаңтарына 67,1 млрд. теңгені құрап, 2003 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша көрсеткіштен 2,9 есе асып түсті. Бұл ретте, міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйақыларының көлемі 10,8 есе (13,0 млрд. теңге), ерікті жеке сақтандыру бойынша - 4 есе (7,8 млрд. теңге) және ерікті мүліктік сақтандыру бойынша 2,4 есе (46,3 млрд. теңге) ұлғайды.

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйақыларының сомасы 26,7 млрд. теңгені немесе сақтандыру сыйақыларының жалпы көлемінің 39,7 %-ды құрады, резидент еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйақыларының жалпы көлемінің 35,2 % берілді (2003 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша - 68,1 %).

2006 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 2 698,6 мың сақтандыру шартты қолданыста, оның 61,0 % міндетті сақтандыру түрлері жөніндегі шарттар құрайды. Қолданыстағы сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелердің жалпы көлемі (сақтандыру сомасы) 13 883,8 млрд. теңгені құрайды.

Қазіргі уақытта сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесінде 31 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жұмыс істейді.

1.9. Бағалы қағаздар нарығын дамыту

Бағалы қағаздар нарығын дамыту және инвестициялау мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында инвестициялаудың ұжымдық нысандары арқылы халықтың (кәсіби емес инвесторлардың) ақшасын тарту тетіктерін жетілдіруді көздейтін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы № 1385 **қаулысымен** Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданды.

Жаңа редакциядағы «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі **Заңы** мен «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы **Заңы** қабылданды. Нормативтік құқықтық базаны қабылдау қаржы құралдарына инвестиция жасау мүмкіндіктерін кеңейтті, жаңа қаржы құралдары пайда болды.

Корпоративтік бағалы қағаздар нарығындағы қолданыстағы шығарылымы бар акционерлік қоғамдардың саны 2006 жылдың 1 қаңтарына 2 300 қоғамды құрады, нарықта 62 делдал-дилер, 18 тіркеуші, 11 кастодиан банк, зейнетақы активтеріне инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын 10 ұйым, 28 инвестиция қоржынын басқарушы жұмыс істейді.

Тіркелген үлестік инвестициялық қорлардың саны 2005 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2006 жылдың 1 қаңтарына дейінгі кезеңде 2-ден 45-ке дейін ұлғайды. Бұл ретте, қарастырылып отырған кезеңдегі үлестік инвестициялық қорлардың жиынтық активтері 32 есе ұлғайып, 12 311 млн. теңгені құрады.

1.10. Зейнетақы қызметтерінің қол жетімділігін және сапасын арттыру

Қазақстанның барлық халқы үшін зейнетақы қызметтерінің қол жетімділігін және сапасын арттыру, салымшылардың және алушылардың құқықтарын қорғау, зейнетақы активтерін инвестициялау үшін қаржы құралдарының спектрін ұлғайту мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы № 1359 қаулысымен Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған **бағдарламасы** әзірленді.

Бағдарламаны іске асыру кезінде мынадай нәтижелерге қол жеткізілді. 2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры жұмыс істейді, олардың республика өңірлерінде 77 филиалы мен 77 өкілдігі бар.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды 11 ұйым жүзеге асырады, олардың ішінде 3 жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензиясы бар.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарының (бұдан әрі - шот) саны 2003 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2006 жылдың 1 қаңтарына дейінгі кезеңде 41 % ұлғайып, 7 613 369 бірлікті құрады. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны жинақталған зейнетақының жалпы сомасы 479,9 млн. теңгеден тұратын 32 336 бірлікті құрады.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақылары 2006 жылдың 1 қаңтарына 648,6 млрд. теңгені құрады, ол 2003 жылдың қаңтарынан бастаған кезеңде 2,4 есе ұлғайды. Зейнетақы активтерін (комиссиялық сыйақыларды алып тастағанда) инвестициялаудан түскен, салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық табыстың сомасы 2006 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 155,1 млрд. теңгені құрады, мұның өзі 2003 жылдың 1 қаңтарындағы көрсеткіштен 2,0 есе артық. Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақының жалпы сомасындағы "таза" инвестициялық табыстың үлесі 23,91 % құрайды.

Сонымен қатар, 2006 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің номиналдық табысының орта өлшемді коэффициенті 2003 жылғы маусым мен 2006 жылғы маусымды қоса алғандағы кезеңге 18,92 %-ды құрады. Бұл ретте, көрсетілген кезеңге жинақталған инфляция деңгейі 22,62 %-ды құрады.

Осылайша, маңызды мәселе жол берілген тәуекел деңгейіне сәйкес зейнетақы активтерін басқару жөніндегі кірістілікті арттыру болып қалады, сондықтан, осы бағыттағы жұмыс алдағы кезең шеңберінде жалғасады.

1.11. Почталық-жинақ жүйесін дамыту

Почта байланысын жаңғырту және почталық-жинақ жүйесін қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 қазандағы № 1077 Қаулысымен Қазақстан Республикасының почта-жинақтау жүйесін дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған **бағдарламасы** қабылданды.

Бағдарлама мақсаты жаңа технологиялар енгізу және тиімді ақпараттық басқару жүйесі арқылы саланы коммерциялық жағынан бағдарланған және бәсекеге қабілетті етіп қайта қалыптастыру мақсатында почта саласын қайта құрылымдау және почталық-жинақ жүйесін қалыптастыру болып табылады.

Соңғы жылдарда почта алмасу өсімінің оң серпілісіне қол жеткізілді. Қаржы секторында көрсетілетін қызметтер көлемінің елеулі өсімі болды.

1.12. Даму институттары

Мемлекеттік инвестициялық қызметтің тиімділігін жетілдіру және арттыру еліміздің экономикасына сыртқы және ішкі инвестицияларды тартуға септігін тигізу мақсатында даму институттары құрылды.

«Қазақстан Даму Банкі», «Қазақстанның инвестициялық қоры», «Ұлттық инновациялық қор», «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры», «Экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы», «Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы» және «Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы» акционерлік қоғамдары сияқты қаржылық және сервистік даму институттары құрылды.

2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша даму институттарының («Қазақстан Даму Банкі» АҚ, «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ, «Ұлттық инновациялық қор» АҚ, «Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы» АҚ, «Экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы» АҚ) жиынтық жарғылық капиталы 144 199,9 млн.теңгені құрайды. 2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша институттардың инвестициялық жобаларының портфелі 1 012,7 млн.АҚШ доллары даму институттарының қатысуымен жалпы сомасы 3 632,0 млн.АҚШ долларына қаржыландыруға мақұлданған 136 жобалардан тұрады.

792,6 млн. АҚШ доллары даму институттарының қатысуымен жалпы сомасы 2 560,1 млн. АҚШ доллары 109 жобаларды қаржыландыру басталды.

Тұтастай алғанда, Қаржы секторын дамытудың 2003-2006 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде қойылған мәселелер орындалды. Қалған ұсақ мәселелер, сондай-ақ қаржы секторында қосымша тәуекелдердің пайда болу мәселелері Үкіметтің, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің және Агенттіктің жаңа бастамалары шеңберінде шешілетін болады және 2010 жылға дейін қаржы секторын дамытудың келесі орта мерзімді кезеңге арналған тұжырымдамасын әзірлеу қажеттілігін түсіндіреді.

2. Қаржы секторын дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған басымдықтары

2.1. Қазақстанның экономикалық дамуының стратегиялық мақсаттарының құрамында республиканың қаржы секторы дамуының ұзақ мерзімді көрінуі

Қазақстан Республикасының қаржы секторын одан әрі дамыту, оның құрауыштарының тиімділігін арттыру Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» Қазақстан халқына **Жолдауында** белгіленген республиканың әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіруін қамтамасыз ету жөніндегі мәселені іске асыруда маңызды құралдардың бірі болып табылады.

Осыған байланысты қазақстандық экономиканы дамытудың негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

Қазақстанның ішкі экономикалық жүйелерін жаңғырту;

Қазақстанның өңірлік экономикалық көш басшылығын және оның ТМД және Орталық Азияның бизнес-орталығы ретінде қалыптасуын қамтамасыз ету;

республиканың экспортқа, оның ішінде қаржылық қызметтердің экспортына да, бағдарлануын арттыру.

Тиісінше, қаржы секторын дамытудың Үкімет көрінісі «Қазақстан Республикасының ТМД және Орталық Азия өңірлері шеңберінде қаржы ағынын тиімді қайта бөлуді қамтамасыз ететін өңірдің негізгі қаржы орталығы ретінде қалыптасуы» болып табылады.

Ұзақ мерзімді перспективада қаржы секторын дамытудың көрінісін іске асыру қаржы секторының жеке сегменттерінің көш басшы өңірлік ұстанымға қол жеткізу есебінен қамтамасыз етілуі мүмкін:

Қазақстанның бағалы қағаздар нарығының ТМД және Орталық Азиядағы ең өтімді және қол жетімді нарық ретінде қалыптасуы;

Қазақстанда валютаның негізгі түрлері бойынша ең өтімді валюта нарығын қалыптастыру қазақстандық қаржы институттарының ТМД және Орталық Азия өңірлерінің қаржы ресурстарына мұқтажын қамтамасыз етуге қабілетті ірі өңірлік қаржы ұйымы ретінде қалыптасуы, сондай-ақ қазақстандық кәсіпорындардың инвестициялары мен мүдделерін өңірлік нарықтарға алып шығу және қолдау;

Қазақстан қаржы секторының көрсеткіштер бойынша экономикалық жағынан дамыған стандарттарға қол жеткізуі; тұрақтылық, қалыптылық, айқындылық, сондай-ақ ТМД мен Орталық Азияда деңгейі, сапасы және қаржы өнімдерінің әртүрлілігі жағынан көш басшы болуы.

Бұл ретте, Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі қарсаңында тұрақты ұстанымды сақтау және шетел компаниялары келген жағдайда қаржы институттарының бәсекеге қабілеттілігі маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Қаржы секторын дамытудың ұзақ мерзімді көрінісін іске асыру жөніндегі Үкімет жоспарларын жүзеге асыруға жүйелі орта мерзімді жоспарларды іске асыру арқылы қол жеткізіледі, оның біріншісі Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы болып табылады.

2.2. Қаржы секторын дамытудың 2007-2011 жылдар кезеңіне арналған мақсаттары мен міндеттері

Қазақстанның ТМД және Орталық Азияда қаржы секторында өңірлік көш басшылыққа қол жеткізуі үшін 2007-2011 жылдар кезеңінде бірінші кезеңде негізгі күш Қазақстанның қаржы секторын нығайтуға, оның тұрақтылығын арттыруға, кәсіпорындар мен халықты қаржы секторының қызметтерімен қамтуды кеңейтуге, оның жеке сегменттерін одан әрі дамытуға бағытталады, бұл ішкі нарықта қазақстандық қаржы ұйымдарының көзқарасын күшейтеді және өңірде және ауқымды өңір экспансиясында қаржы тарту орталығы ретінде оның қалыптасуына түрткі болады.

Осыған байланысты, қазақстандық экономиканың бәсекеге қабілеттілердің бірі бола тұрып, бәсекеге қабілеттілікті арттыру мәтінінде қаржы секторының ролі едәуір кең және Қазақстанда экономикалық қатынастарды жаңғыртуға маңызды қатысушылар көзқарасы жағынан анықталуы тиіс.

Осылайша, қазақстандық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және ұзақ мерзімді қаржы секторын іске асыру жөніндегі стратегиялық мәселелер мәтінінде республиканың қаржы секторын одан әрі дамыту 2007-2011 жылдар кезеңінен бастап мыналарға бағытталады:

қаржы секторының және оның институттарының тұрақтылығы мен қалыптылығын арттыру;

қаржы секторы қызметтерінің және олардың қол жетімділігі сапасын арттыру;

өтімді қор нарығын және оның құрауыштарын қалыптастыру;

қаржы секторын реттеу стандарттарын арттыру;

қаржылық қызметтер нарығында бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатында қаржы секторын ырықтандыру.

Бұдан басқа, қаржы секторында адал бәсекелестікті дамытуға, сондай-ақ қаржы қызметтерін тұтынушылардың заңды құқығы мен мүдделерін қорғауға бағытталған қаржы ұйымдарын монополияға қарсы реттеуді жетілдіру орынды болып табылады.

Мемлекеттік саясаттың тиісті шараларын іске асыру арқылы қойылған мәселелерді шешу қаржы секторының экономика субъектілерінің іс-әрекетіне маңызын және әсерін елеулі арттыруы тиіс.

2.3. Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығын дамыту

Мақсаты мен міндеті

Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығын (бұдан әрі - қаржы орталығы) құру мақсаттары бағалы қағаздар нарығын дамыту, оның халықаралық капитал нарықтарымен шоғырлануы, Қазақстан Республикасының экономикасына инвестицияларды тарту қазақстандық капиталдың шетел бағалы қағаздар нарығына шығуы болып табылады.

Қаржы орталығының міндеттері шетел де, қазақстандық та инвесторларды, бағалы қағаздар шығарушыларды және кәсіби қатысушыларды қаржы орталығының арнайы сауда алаңына тарту, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығының тиімді дамуы үшін жаңа қаржы құралдарын әзірлеу және енгізу, сондай-ақ қаржы орталығын одан әрі дамыту болып табылады.

Ағымдағы жағдай

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында активтері жыл сайын екі есеге дейін өсетін, негізінен жинақтаушы зейнетақы қорларымен ұсынылған институционалдық инвесторлар қатты дамып келе жатыр. Сондықтан, ұсыныстары шектеулі қаржы құралдарына сұраныстың артуы туындайды, бұл бағалы қағаздар нарығының толыққанды дамуына кедергі жасайды.

Қазақстан Республикасының 2006 жылы 5 маусымдағы «Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы» **Заңы** қабылданды және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тиісті өзгерістер енгізілді. Осы жылы қаржы орталығының уәкілетті органы - Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі жұмысын бастады.

Бұдан басқа, ағымдағы жылы қаржы орталығына қатысушылардың дауын шешу үшін «Алматы қаласында мамандандырылған қаржы сотын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 17 тамыздағы № 158 **Жарлығы** қабылданды.

Бірінші кезеңде қаржы орталығын іске қосу үшін заңға тәуелді қажет нормативтік құқықтық актілер қабылданды.

Қаржы орталығының қызметіне қатысты мәселелерде әлемдік тәжірибені пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірлеу және Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі жанынан қаржы орталығын дамытудың стратегиясын әзірлеу мақсатында консультативтік-кеңес органы ретінде Халықаралық кеңес құрылды.

Негізгі шаралар

Орта мерзімді перспективада қаржы орталығын дамытуға бағытталған негізгі шаралар мыналар болады:

2006 жылғы 5 маусымдағы **«Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы»** және 2006 жылғы 5 маусымдағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Алматы қаласының

өңірлік қаржы орталығын құру мәселелері бойынша **өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**» Қазақстан Республикасының Заңдарында салынған стимулдарды іске асыру;

қаржы орталығының арнайы сауда алаңында ұлттық компаниялардың және банктік сектор ұйымдарының акцияларын (IPO) бастапқы орналастыруды жүзеге асыру эмитенттерді, инвесторлар мен бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларын қаржы орталығының арнайы сауда алаңына тарту үшін қаржы орталығының, конференциялардың, семинарлар мен дөңгелек үстелдердің кең жарнамалық компанияларын өткізу;

инвесторлардың кең ауқымына қол жетімді (институционалдық инвесторлар үшін де, жеке тұлғалар үшін де) индекстік қорлар, (EFT), секьюрителендірілген активтер (SPV), фьючерстер, опциондар, ислам құралдары (сукук және т.б.) жаңа қаржы құралдарын әзірлеу және енгізу;

бағалы қағаздар нарығының қазіргі заманғы халықаралық стандарттарына жауап беретін қаржы орталығының жаңа технологиялық инфрақұрылымын құру;

халықаралық биржалармен бағалы қағаздарды өзара тану туралы уағдаластықтарға қол қою;

Қазақстанның Даму Банкінің қаржы орталығының қызметіне қатысуын белсендіру;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жыл сайын мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерін шығаруы;

қазақстанның клиринг палатасын құру;

ұзақ мерзімді салымдарға бағдарланған жаппай инвесторлардың ішкі ресурстарын тарту жолымен ішкі инвестициялық мүмкіндіктерді барынша қатыстыру;

экономикалық өсудің мультипликаттық тиімділігіне және халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға байланысты ірі инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асыру. Нарыққа мемлекет қатысатын ірі отандық инвестициялық жобалармен мемлекеттік жобалау облигацияларын шығару қажет және оларды институционалдық инвесторларға, атап айтқанда жинақтаушы зейнетақы қорларына қатыстыру;

Алматы қаласының аумағында қаржы нарығы инфрақұрылымының ұйымдары, реттеуші органдар, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және т.б. ұсынылуы мүмкін бизнес орталығын құру эмитенттердің, инвесторлар мен қаржы орталығы қатысушыларының тәуекелдерін сақтандыру кезінде перспективада салық жеңілдіктерін беру;

жинақтаушы зейнетақы қорларына қаржы орталығының қатысушылары ретінде тіркеу үшін еншілес ұйымдар құруға рұқсат беру.

Көрсетілген шараларды іске асыру Бағалы қағаздар нарығын дамыту бағдарламасының, Сақтандыру нарығын дамыту бағдарламасының, Жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамыту бағдарламасының, Алматы қаласын дамытудың орта мерзімді бағдарламасының тиісті міндеттерін шешуге ықпал етеді және оны орындаудан тәуелді.

3. Қазақстан Республикасының қаржы секторын реттеу саласындағы мемлекеттік саясаты

Қазақстанның қаржы секторы жүйелік сипаты бар факторлардың әсерімен қалыптастырылады және жұмыс істейді. Түрлі факторлардың жиынтықты әсер етуі қаржы секторы институттары қызметі практикасы әзірленетін және бекітілетін ортаны құрады, яғни қаржы секторының экономиканың нақты секторына және бәсекелі қабілеттілікке әсер ету деңгейін анықтайды.

Осыған байланысты мемлекет саясатының басымдығы қаржы институттарының қызметі практикасын қалыптастыруға ұзақ мерзімді әсер ететін жүйе құрушы факторларды жетілдіру болуы тиіс:

мемлекеттік реттеу сапасы;

корпоративтік заңнама сапасы;

бағалы қағаздары бағалы қағаздар нарығында айналымдағы қаржы ұйымдарының да, нақты сектор кәсіпорындарының сенімді және сапалы ақпараты болуы (оның ішінде қаржы есептілігі), сондай-ақ оған еркін қатынау;

қаржы секторы инфрақұрылымның даму деңгейі;

халықтың қаржы секторының қызметтері туралы сенімділігі мен хабардарлығы деңгейі;

қаржы нарығы үшін кәсіби кадрларды даярлау;

қаржы нарығы мен қаржы құралдары қатысушыларының бухгалтерлік есебі мен салық салуын жетілдіру.

3.1. Қаржы секторын мемлекеттік басқарудың сапасын нығайту мен арттыру

Қаржы секторын реттеу мен қадағалаудың 2007-2011 жылдарға арналған негізгі міндеттері қаржы секторын мемлекеттік реттеу мен қадағалау функцияларын жүзеге асыру мынадай мемлекеттік органдарға бекітілген: оларға заңнамалық бекітіп берілген функциялар мен өкілеттіктер шеңберінде Үкімет, ҚҚА, Ұлттық Банк және Алматы қаласы өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі агенттік.

Осы мемлекеттік органдардың жұмысы мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылатын болады:

қызметкерлердің кәсібилігін арттыруға және қаржы секторы институттарының мониторинг сапасын арттыру үшін мүмкіндіктер құруға бағытталған Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігін институционалдық нығайту;

тәуекелдерді бағалау негізінде (risk based supervision) қадағалау әдістерін енгізу жолымен қаржы ұйымдарын пруденциалдық реттеу және қадағалау жүйесін жетілдіру;

мүмкін реттеуші тәуекелдерді талдау және олардың қаржы жүйесіне әсер етуін азайту;

шоғырландырылған қадағалауды жетілдіру;

қаржы ұйымдарының тәуекелдерді басқарудың ішкі жүйелерін дербес және тәуелсіз сыртқы бағалауын жүргізу үшін жағдайлар қалыптастыру;

акционерлер мен инвесторлардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету;

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес қаржы ұйымдарында бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілік жасау жүйесін одан әрі жетілдіру, және нақты сектор ұйымдарында ХҚЕС енгізу;

елдің банк секторының сыртқы қарыз алуын басқару тиімділігін арттыру;

халықаралық ұйымдармен және басқа мемлекеттердің уәкілетті органдарымен өзара іс-қимыл жасасу.

Ақша-кредиттік реттеу операциялары мен құралдарын жетілдіру

Алдағы үш жылда Ұлттық Банк алдына инфляцияның төменгі деңгейін қолдау міндетін қойып отыр. Міндетті мұндай қою мыналарды шарттайды:

ақша-кредиттік реттеу және қаржы секторын талдау әдістерін одан әрі жетілдіру қажеттілігі;

Ұлттық Банктің инфляциялық таргеттеу қағидаттарына негізделген ақша-кредит саясатына режиміне көшу дайындығын жалғастыру;

Ұлттық Банктің операциялары бойынша ставкалардың реттеу рөлін арттыру;

Үкіметпен бағалардың тұрақтылығын қолдау мәселелері жөнінде тығыз үйлесім.

Тұрақтылықты қамтамасыз ету қаржы тұрақтылығының негізі бола отырып, елдің экономикалық дамуына, оның бәсекелес қабілеттілігін арттыруға жәрдемдесетін болады, сонымен қатар елдің ДСҰ-ға кіруі үшін негіз жасайды.

Өз кезегінде қаржы секторын талдауды тереңдету, елде қаржы қызметінің неғұрлым баламалы ахуалын алу қажеттілігі ақша-кредит саясатын институционалдық қамтуды кеңейтуді талап етеді. Осыған байланысты қаржы секторын неғұрлым толық шолуды жасау үшін басқа (банктік емес) қаржы ұйымдарының шоттарын қамту жөніндегі жұмыс жүргізілуде.

Ұлттық Банкінің саясатын жетілдіру экономикалық коньюнктураның өзгеруін сандық және сапалық бағалаумен, сондай-ақ макроэкономикалық деңгейде де, өңірлер және жеке салалар деңгейінде де негізгі тенденцияларды экономикалық талдау және қысқа мерзімді болжамдау сапасын арттырумен қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл үшін Ұлттық Банк қажет шамасына қарай жетілдіріліп отыратын нақты сектор кәсіпорындарының мониторингін жүргізеді. Ағымдағы кезеңде осы мәселені кезіндегі негізгі проблема банк жүйесінің артық өтімділігі болып табылады. Артық өтімділік жағдайында нарықтық пайыз ставкаларына әсер ету қиын. Бұдан басқа, артық өтімділіктің, өзі инфляциялық қысымды ұстап тұруға септігін тигізеді. Банк өтімділігін реттеу үшін ашық нарық операцияларын пайдаланудың толық ауқымдылығын шектейтін Ұлттық Банктің бағалы қағаздар қоржынының жеткіліксіздігімен жағдай ушығады. Ұлттық Банкінің пайыздық ставкалары әсерінің өсімі артық өтімділіктің жоқ болған немесе оның төмен деңгейінде болуы мүмкін.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін Ұлттық Банк мынадай шараларды жүзеге асырады:

1. Ақша-кредит реттеу әдістерін жетілдіру:

ақша-кредит саясаты құралдарын жетілдіру жолымен қаржы нарығында шығынды өтімділікті қысқарту жөнінде одан әрі шаралар қабылдау;

ақша-кредит саясатының макроэкономикалық көрсеткіштерге, атап айтқанда инфляцияға әсерін модельдеу әдістерін одан әрі жетілдіру;

инфляциялық таргеттеу қағидаттарын пайдалана отырып, ақша-кредит саясатын жүргізу схемасын әзірлеу;

Үкіметпен негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бөлігінде өзара іс-қимыл жасасу;

2. Ақша-кредит саясатын жетілдіру

Ақша-кредит статистикасын институционалдық қамту және банктік емес қаржы институттары (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдар мен жинақтаушы зейнетақы қорларының шоттарын енгізу есебінен қаржы секторын неғұрлым толық шолуды жасау жөніндегі жұмыстарды жалғастыру.

3. Шынайы сектор кәсіпорындарының мониторингін белсендіру кәсіпорындарды іріктеуді ұсынуды арттыру есебінен экономиканың шынайы секторында экономикалық процестердің ахуалын және күтілетін өзгерістерді бағалауды жақсарту;

ақша-кредит саясатын ағымдағы жүзеге асыру үшін тікелей бағдарлар ретінде қорытынды индикаторларды әзірлеу.

3.2. Мемлекеттік органдар мен қаржы секторы институттарының өзара іс-қимылы

Республиканың қаржы секторының бәсекелес қабілеттілігін одан әрі арттыру, экономиканың шынайы секторында бәсекелес қабілеттілікті жаңғырту мен арттыруда оның жоғары ролін қамтамасыз ету процесін негізгі құрауыш мемлекеттік органдар мен қаржы секторы институттарының арасында ақпарат алмасудың тиімді тетігін құру болып табылады.

Осы мәселе мемлекеттік органдар қабылдайтын шешімдердің айқындылығын арттыру, мемлекеттік аппараттың жоғары кәсібилігін қамтамасыз ету және қаржы секторы институттарының қаржы секторы мен оның жекелеген сегменттерінде мемлекет саясатының жаңа мақсаттары мен міндеттерін толық түсіну мәтінінде беріледі.

Осыған байланысты, алдағы кезеңде 2007-2011 жылдардан бастап, осы жұмысқа қаржы институттарының кең ауқымының мүдделерін білдіретін ресми бизнес бірлестіктері мен қауымдастықтарын тарту арқылы мемлекеттік органдар мен қаржы секторлары арасында үнемі өзара іс-әрекетті және ақпаратпен алмасуды қамтамасыз етудің қалыпқа келтірілген тетіктері әзірленетін болады.

Осы тетік шеңберінде мынадай негізгі бағыттар бойынша жұмыс жүргізу қамтамасыз етіледі:

мемлекеттік органдар қаржы секторы мен мемлекеттің экономикалық саясатын дамытуға қатысты қабылдайтын шешімдері бойынша пікірмен алмасу;

қаржы секторының стандарттары мен қызметтерін экономикаға неғұрлым кеңінен тарту және енгізу жөнінде бірлескен бастамалар жүргізу;

қаржылық қызметтердің халыққа қол жетімділігін арттыру және олардың сапасын арттыру;

халықтың қаржылық білім деңгейін арттыру;

Қазақстанның өңірдің қаржы орталығы ретінде қалыптасуы;

қазақстандық қаржы институттарын өңірлік нарықтарға көтеру;

қаржы секторының орнықтылығы мен тұрақтылығын қамтамасыз ету.

Жоспарланған жұмыс тұрақты форумдар, дөңгелек үстелдер өткізу арқылы іске асырылатын болады, сондай-ақ мемлекеттік органдардың, қаржы секторының бизнес-бірлестіктері өкілдерінің және қаржы институттары өкілдерінің қатысуымен қаржы секторының мәселелері бойынша үнемі жұмыс істейтін жұмыс тобын қалыптастыру мүмкін. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы «Жеке кәсіпкерлік туралы» **Заңына** сәйкес сарапшы кеңестердің мемлекеттік органдар жанындағы кәсіпкерлік мәселелері бойынша жүргізетін аккредиттелген кәсіпкерлер бірлестіктерімен бірге нормативтік құқықтық актілер жобаларын сараптау жөніндегі жұмысы жалғасын табады.

Даму институттары мен қаржылық ұйымдардың өзара іс-әрекеттерін жетілдіру бөлігінде олардың арасында ақпараттық алмасу жөніндегі жұмыс жандандырылады. Атап айтқанда, даму институттары мен екінші деңгейдегі банктер, лизингтік және сақтандыру компаниялары, Қазақстанның қаржыгерлер қауымдастығына кіретін венчурлік және инвестициялық қорлар арасында қаржы ұйымдары қызметтерінің прейскуранты туралы, отандық та шетелдік те инвестицияларды тарта отырып, ірі инвестициялық жобаларды бірлесіп іске асыруға мүмкіндіктер туралы ақпаратпен алмасу жүйесі ретке келтіріледі.

3.3. Теңдестірілген ақша-кредит және фискалдық саясаты және олардың негізгі құралдарының тиімділігін арттыру

Ақша-кредит және фискалдық саясатын үйлестіру бірнеше бағыттар бойынша жүзеге асырылуы тиіс.

Біріншіден, осы саясаттарды іске асыру кезінде негізгі шарт бірыңғай ұзақ мерзімді мақсаттарға немесе бағдарға бет алу болып табылады. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 экономиканың қатарына кіруі осы мақсат болып қызмет ете алады. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін жеке, міндеттер іске асырылуы тиіс, мысалы, тиісті мемлекеттік саясатты жүргізу арқылы ЖІӨ-нің жоғары және тұрақты өсімін сақтау, инфляция деңгейін төмендету, халықтың әл-ауқатын жақсарту, бюджет тапшылығын азайту және т.б.

Екіншіден, фискалдық және ақша-кредит саясатын тығыз үйлестіру үшін негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамдары негізінде, сондай-ақ осы болжамдарды түзету негізінде жататын маңызды жорамалдар мен жол берулерді келісу қажет. Әдетте, көрсеткіштер тенденциялары бойынша жорамалдар мен жол берулердегі алшақтықтар болжамдардағы елеулі айырмашылықтарға және, қорытындысында, қолданатын шаралар бағыттарындағы алшақтықтарға алып келеді. Осылайша, соңғы бірнеше жылдарда бюджет шығыстарының елеулі өсіміне бағытталған экспансионист бюджет саясаты, бір тараптан және оны қатайту жөніндегі шаралармен сипатталатын шектеулі ақша-кредит саясаты, екінші тараптан, жүргізіледі. Осы саясаттар шараларының әр бағыттылығы инфляция деңгейін төмендетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді.

Алайда, ақша-кредит және фискалдық саясатты үйлестіру олардың бір-біріне тәуелді болуын болжамдамайды. Ұлттық Банкінің өкілді және атқарушы өкімет органдарынан тәуелсіздігі Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 наурыздағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» **Заңында** бекітілген.

2007-2011 жылдарға арналған негізгі мәселелер

Теңдестірілген ақша-кредит және фискалдық саясатты жүргізу мақсатында мынадай шаралар қабылдау болжамдалады:

мемлекеттік экономикалық саясаттың бірыңғай ұзақ мерзімді мақсатын және олардың басымдығын белгілей отырып қысқа мерзімді кезеңдегі мақсаттарын анықтау төмен тұрған мақсаттардың жоғары тұрғандарға тәуелділігін сақтау;

негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер болжамдарының және әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімді жоспарының параметрлерінің, орта мерзімді фискалдық саясаттың және Ұлттық Банкінің ақша-кредит саясатының негізгі бағыттарының негізінде, сондай-ақ осы болжамдарды түзету негізінде жататын бірыңғай жорамалдар мен жол берулерді келісу жөніндегі тетікті жетілдіру;

әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімді жоспарының, орта мерзімді фискалдық саясаттың және Ұлттық Банкінің ақша-кредит саясатының негізгі бағыттарының шеңберінде жарияланатын көрсеткіштер мен параметрлер тізбесін анықтау;

мақсаттарға қол жеткізу жөнінде келісілген шаралар қабылдау бойынша Ұлттық Банкі мен Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің өзара іс-әрекетінің тетігін жетілдіру.

3.4. Қазақстанда бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жүйесін дамыту және жетілдіру

Ағымдағы жағдай

2003 жылдан бастап барлық қаржы ұйымдары бухгалтерлік есепке алуды жүргізуді және қаржылық есеп беруді жасауды ХҚЕС бойынша жүзеге асырады, бұл тәуелсіз аудиторлық компаниялардың қорытындыларымен расталады. ХҚЕС қаржылық тәуекелдерді бағалауға, ашуға және басқаруға қатысты неғұрлым тиімді құралдардың бірі ретінде мойындалады, себебі стандарттардың негізгі мақсаты - бұл дайындалатын қаржылық есеп берудің айқындылығы мен растылығы, осыған байланысты отандық қаржы мекемелері үшін ақпарат берудің танымал көзқарастарын пайдалану салдарынан шетел инвесторларымен өзара іс-әрекет мәселесі едәуір оңайлатылады.

2007-2011 жылдарға арналған негізгі міндеттер

Республиканың қаржы секторында бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жүйесін одан әрі дамыту мақсатында мыналарға бағытталған бірқатар іс-шаралар өткізу болжамдалады:

қаржы секторының бухгалтерлерінің, ЖОО жас мамандарының біліктілік деңгейін арттыруға және сертификатталған бухгалтерлерді дайындауға, ХҚЕС қолдану мәселелері бойынша жалпыға қол жетімді оқу практикалық материалдар мен құжаттамаларды арттыруға;

ХҚЕС-пен реттелмеген, алайда олармен анықталған тұжырымдамалар мен принциптер шеңберіндегі қазақстандық экономика мен заңнама ерекшелігі үшін қаржылық ұйымдар жүзеге асыратын операциялардың белгілі спектрін есепке алуға қатысты талаптар әзірлеуге;

ХҚЕС бойынша бухгалтерлік есепке алуды және қаржылық есеп беруді жасауды автоматтандыру деңгейін, қаржылық есеп беру растылығы мен сапасын бақылау жүйесін арттыруға, «адам факторын» алып тастауға.

Бухгалтерлік есепке алу саласында мамандардың біліктілік деңгейін арттыру мақсатында "ХҚЕС" тақырыбы бойынша конференциялар, семинарлар және тренингтер өткізу арқылы қаржылық ұйымдар бухгалтерлерінің біліктілігін арттыру жөніндегі бағдарламаларды іске асыруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында да, шетелдерде де халықаралық ұйымдармен (CPA, ACCA, CMA) мамандардың кәсіби сертификатталуына қатысты оларды ынталандыруға және қолдауға күш жұмсау болжамдалады. Бұдан басқа, жария мүдде ұйымының бас бухгалтерінің лауазымын атқару үшін кәсіби бухгалтер сертификатының болуын талап ету енгізу болжамдалады.

Басым бағыттардың бірі Республиканың ЖОО-ларының базасында жас мамандар дайындау, жалпыға қол жетімді телекоммуникация құралдарын пайдалана отырып таратылатын студенттер үшін қажет әдістемелік және оқу материалдарын, кәсіби бухгалтерлер үшін практикалық материалдар әзірлеу болып табылады.

Алдағы жылдарға арналған дамудағы келесі бағыт - ХҚЕС қазақстандық қаржы жүйесінің талаптарына одан әрі үйрету жүргізу. Бүгінгі таңда, отандық қаржы жүйесінің серпінді дамуы қазақстандық экономика мен заңнама ерекшеліктеріне негізделген ерекшелігі бар бірқатар институттардың пайда болуына алып келді. Мысал ретінде, чили жүйесінің принциптеріне құрылған және, тиісінше, бухгалтерлік есепке алуды жүргізудің негізгі рәсімдерін әзірлеуді талап ететін жинақтаушы зейнетақы қорларын атауға болады, себебі ХҚЕС қаржылық есеп беруді жасаудың қолайлы концептуалдық негіздер жиынтығын білдіре отырып, отандық экономиканың талаптарына тиісінше үйретілмей пайдаланыла алмайды. Бұдан басқа, қазақстандық бағалы қағаздар нарығының және өзге қаржы институттарының жеткіліксіз белсенділігі мен дамуы салдарынан республиканың қаржы институттарының активтерін барабар бағалау мәселесі өзекті болып отыр. Осылайша, пайдаланылатын бағалаудың субъективтілігі қаржылық ұйымдар қызметі тиімділігінің бұрмалануына, сондай-ақ олардың қаржылық көрсеткіштерін объективті салыстыру және сәйкестендіру мүмкіндігінің болмауына алып келеді. Осы мәселені шешу мақсатында дамыған экономикасы бар түрлі елдердің тәжірибесін, қаржылық есеп берудің шетел стандарттарын зерттеу жөнінде нысаналы жұмыс жүргізу, бухгалтерлік есепке алу саласында сарапшылармен кеңестер өткізу болжамдалады. Жүргізілген

жұмыстар нәтижелері бойынша бағалау әдіснамасын құрудың және қаржы құралдарының бухгалтерлік есепке алуын жүргізудің түрлі нұсқалары ұсынылады.

Сондай-ақ, бухгалтерлік есепке алу жүргізу және қаржылық есеп беруді жасау бөлігінде ақпараттық жүйелерді автоматтандыру процесі де аса маңызды мәселе болып табылады. Бухгалтерлік есепке алуды автоматтандыру процесін іске асыру мақсатында ұйымдарда ұйымдардың автоматтандырылған ақпараттық жүйелерінде енгізілген көмекші бухгалтерлік есепке алуды және Бас бухгалтерлік кітабын жүргізуге қойылатын талаптарды одан әрі жетілдіру жоспарланады.

Бағалы қағаздар нарығын ойдағыдай дамыту үшін нақты сектор кәсіпорындарында ХҚЕС енгізу маңызды фактор болып табылады. Осы үшін ХҚЕС тездетіп енгізу талап етіледі, бұл ретте, нақты сектор кәсіпорындарының ХҚЕС-ке көшу кезінде асыра сілтеу жағдайының қайталануына жол бермеу және тиімді көшуді қамтамасыз ету мақсатында тек үкімет тарапынан мемлекеттік бақылауды ғана емес, сонымен қатар, консультациялық қоғамдық ұйымдар базасында кері байланыс тетігін де жетілдіру талап етіледі.

Мынадай талаптардың орындалуын бақылауды қосымша қамтамасыз ету қажет:

олар үшін аудит міндетті болып табылатын қарыз алушылардың қарызды беру кезінде соңғы қаржы жылы ішінде қаржылық есеп берудің ХҚЕС-ке сәйкес келуі туралы көзқарас білдірілетін аудиторлық есеп беру, сондай-ақ шығарылатын бағалы қағаздар шығарылымын тіркеу кезінде ХҚЕС-ке сәйкес жылдық қаржылық есеп беруді ұсынған шығарылған бағалы қағаздар шығарушылары туралы ақпарат беру;

табиғи монополияларды ХҚЕС талаптарына сәйкес келуіне реттеу мәселелері жөніндегі заңнаманы талдау;

ХҚЕС ерекшелігін білетін мамандар дайындау: ХҚЕС бойынша оқулықтар әзірлеу; ХҚЕС-ке және халықаралық аудит стандарттарына сәйкес «Бухгалтерлік есепке алу, қаржылық есеп беру және аудит» курсы бекітілді; оқытушы құрамын және студенттерді ХҚЕС-ке оқыту жөнінде шаралар қабылдау;

акционерлік қоғамдар мен мемлекеттік кәсіпорындар арасында ХҚЕС-ке көшу бөлігінде бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталу қажеттілігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу және ұйымның ХҚЕС-ке көшу жағдайы туралы ақпарат беру.

3.5. Қаржы нарығына және қаржы құралдарына қатысушыларға салық салуды жетілдіру

Мақсаты мен міндеті

Еуропа одағының стандарттарына көшу қазіргі уақытта түрлі қаржы құралдары бойынша өмір сүретін салықтық жеңілдіктер мен преференцияларды жою болжамдайды. Уақытша жеңілдіктер енгізу экономиканың басым секторларында, оның ішінде қаржы секторында, мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асырумен аса байланысты қандай да бір жаңа қаржы құралдарын дамытуды ынталандыру мақсатында расталған. Кейін бұл жеңілдіктер қаржы нарығында жаңа құралдардың қалыптасуына жеткілікті уақыттың белгілі кезеңі өткеннен кейін күшін жоюы тиіс.

Қазақстан Республикасының қор нарығын жандандыру Қазақстан үшін деривативтер сияқты жаңа қаржы құралдарының пайда болуына алып келді. Дұрыс пайдаланған жағдайда пайда болған құралдар (деривативтер) тәуекелдерді басқару құралы болып табылады. Оларды тиімді пайдалану үшін деривативтерге салық салуды жетілдіруде одан әрі жұмыс істеу талап етіледі.

Қазіргі уақытта қаржы нарығын реформалау мен ырықтандыру жөнінде жұмыс жүргізілді, олармен қаржы жұмыстары жұмыс істей алатын және оларға активтер шоғырлана алатын қаржы құралдарының тізбесі үздіксіз қайта қаралады және кеңейтіледі. Осылайша, ҚҚА қаулысына сәйкес зейнетақы қорларына зейнетақы активтері бойынша ықтимал құны немесе ақшалай ағынының өзгеру тәуекелінен қорғау үшін хеджирлеу құралын сатып алуға рұқсат берілген.

Акция шығарушыларға салық салуды жетілдіру

Ағымдағы жағдай

Қазақстанның қор нарығының қазіргі жағдайы акция нарығының дамымағандығымен сипатталады. Акциялардың бақылау пакеттері акцияларды миноритарлық акционерлерге сатуға мүдделі емес стратегиялық инвесторлар қолдарында болады. Нарықта еркін айналатын акциялар көлемі (free float) 1 %-дан аспайды. Бұдан басқа, KASE-те жасалатын акциялармен мәмілелердің жартысынан астамы тікелей мәмілелер режимінде өтеді.

Негізгі шаралар

Бағалы қағаздар нарығында акциялардың жария ұсынымдарын, ынталандыру үшін және акциялардың қажет айналымын және өтімділігін қамтамасыз ету мақсатында халықаралық тәжірибені ескере отырып, акциялары KASE-те және/немесе Алматы қаласының Өңірлік Қаржы Орталығының арнайы сауда ауданында айналатын және жария компаниялар өлшемдеріне жауап беретін бағалы қағаздар шығарушылар үшін жеңілдіктер енгізудің орындылығы мүмкіндігін қарастыру ұсынылады.

Депозиттер және борыштық бағалы қағаздар бойынша жеке тұлғалардың табыстарына салық салу

Ағымдағы жағдай

Қазіргі уақытта банктік операциялардың жеке түрлерін жүзеге асыратын банктерде және ұйымдарда салымдар бойынша сыйақы және жеке тұлғаларға төленетін борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақы салық салудан босатылады. Бұл халық қаражатын қаржы жүйесіне тартудың басқа мүмкіндігінің болмауы кезінде банк жүйесіне халық салымын ынталандыру мақсатында жасалды.

Негізгі шаралар

Нарықта халық үшін жаңа қаржы құралының пайда болу шартында депозиттер және борыштық бағалы қағаздар бойынша жеке тұлғалардың табыстарына салық салуды оңтайландыру туралы мәселені қарау болып табылады.

Мемлекеттік және агенттік бағалы қағаздар бойынша сыйақыға салық салу

Ағымдағы жағдай

Қазіргі уақытта мемлекеттік бағалы қағаздармен (МБҚ) жасалатын операциялар және олар бойынша сыйақы салық салудан босатылды. Бұл осы қаржы құралына инвестициялауды неғұрлым тартымды етеді. Сондай-ақ, айналымды ынталандыру үшін салық салудың жеңілдетілген режимін талап ететін Қазақстанның қаржы секторы үшін жаңа қаржы құралдарының бірі қаржы агенттіктерінің агенттік бағалы қағаздары болып табылады. Агенттік бағалы қағаздарына салық салу тәртібі 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап МБҚ-ға қатысты қолданылатын тәртіпке пара пар болып табылады.

Негізгі шаралар

Болашақта, нарықтарының қалыптасу шамасына қарай МБҚ және агенттік бағалы қағаздар бойынша сыйақы төлем көзінен ұсталатын табысқа салынатын салық салынатын болады, бұл Еуропа Одағының, АҚШ-тың барлық елдерін, Канаданы қоса алғанда, көптеген дамыған елдер үшін қатысты. Бұл түрлі бағалы қағаздар шығарушылар үшін, ол Үкімет, агенттік немесе мемлекеттік емес бағалы қағаздар шығарушылар болса да, жағдайда теңестіруге мүмкіндік береді.

Екінші деңгейдегі нарықтың қалыптасу шамасына қарай, екінші деңгейдегі банктер өтімділігін реттеу жөніндегі Ұлттық Банкінің операцияларын қоспағанда, мемлекеттік бағалы қағаздармен және агенттік бағалы қағаздарымен жасалатын операциялар кезінде құн өсіміне салық салуды енгізу мүмкіндігін қарастыру қажет.

Биржаның ресми тізіміне енгізілген акциялармен және облигациялармен жасалатын операциялар кезінде құн өсіміне салық салу

Ағымдағы жағдай

Қор биржасының ресми тізіміне енгізілген акциялар мен облигацияларды іске асыру кезінде құн өсімінен алынатын табысқа салынатын салықтан босату жөніндегі салық жеңілдігінің жұмыс істеу тәжірибесі осы бағалы қағаздармен операциялар жасайтын тұлғалар тарапынан асыра пайдаланудың болғандығы туралы болжам жасау негізін беретін бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығының көрсеткіштерінің белгілі ауытқуға алып келді.

Осылайша, «Қазақстандық қор биржасы» АҚ-ға жасалатын акциялармен мәмілелердің жартысынан астамы (KASE) тікелей мәміле режимінде жүргізіледі, себебі мұндай мәмілелер салықтық жоспарлаудың қолайлы құралы болып табылады.

KASE-тің ресми тізіміне енгізілген акциялар мен облигациялардың айқындығын төмендету жүріп жатыр және оларды бағалармен еркін іс-әрекеттер жасау мүмкіндігіне жол беріледі.

KASE-ке «тікелей» мәміле жасау және осындай операциялар арқасында бағалы қағаздардың нарықтық бағасына алыпсатарлық әсер ету арқылы салық сызбасын асыра пайдалануды болдырмау мақсатында «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының **Кодексіне** өткізілетін күні листингтің ең жоғары және ең жоғарыдан кейінгі санаттары бойынша қор биржасының ресми тізімдерінде тұрған акциялар мен облигацияларды қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен өткізу кезіндегі құн өсімінен түскен табысты салық салудан босатуды көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Осы өзгеріс 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Негізгі шаралар «А» және «Б» санаттағы листингілік компаниялардың акцияларымен және облигацияларымен жасалатын операциялар кезінде құн өсімінен табысқа салық салуды оңтайландыру мүмкіндігі туралы қарау.

Пайда болатын құралдарға салық салуды жетілдіру

Ағымдағы жағдай

Пайда болатын құралдар (деривативтер) дүниежүзінде капиталды тарту тәуекелді хеджирлеу түсімді арттыру және инвестициялық қоржынды диверсификациялау үшін пайдаланылатын тиімді қаржы құралы болып табылады. Қазақстан Республикасында қаржы құралдарының нарығы төмен өтімділігі және нарыққа белсенді қатысушылардың жоқ болуымен форвард, своп, доллар/теңге опциондары және т.б. сияқты бірінші өнімнің пайда болуымен сипатталатын қалыптасу деңгейінде тұр. Осы нарықты одан әрі дамыту үшін бүгінгі күні деривативтер ұғымын анықтау Қазақстанда нарықты дамыту ерекшелігін ескере отырып, оларды бағалау жүйесін әзірлеу, олардың айналымы, кейін оған пайда болатын құралдарға салық салу жүйесі негізделетін бухгалтерлік есеп беруді жүргізу әдіснамасы жөніндегі қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу талап етіледі.

Негізгі шаралар

Пайда болатын қаржы құралдарының нарығын одан әрі дамыту мақсатында дамыған қор нарығы бар елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қажет өзгерістерді әзірлеу үшін Қазақстанның Қаржыгерлер қауымдастығының, қаржы ұйымдарының және ҚҚА өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобы құрылатын болады.

Жинақтаушы сақтандыруға салық салу және ұзақ мерзімді перспективаға актуарлық бағалауды жетілдіру жүйесін жетілдіру

Ағымдағы жағдай

Өмірді жинақтаушы сақтандыру халық ақшасын жинақтау құралдарының бірі болып табылады, алайда осы нарық сегментінің даму деңгейі банктікпен салыстырғанда салыстыруға келмейді.

Елімізде өмірді жинақтаушы сақтандыруды дамытуға бағытталған тетіктерді ойдағыдай енгізу тек сақтандырушылар ғана емес, тұтастай алғанда, мемлекет үшін де пайдалы болады, бұл мемлекеттік-әлеуметтік қорғаудан жеке мойындалған экономикалық дәлелге бағдарланған іс-шараларға көшуге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта «өмірді сақтандыру» саласында қызметтерін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарының қызметін жандандыруға байланысты республика халқының қаражаты мен жинақтарының құралы ретінде өмірді жинақтаушы сақтандыру тартымдылығын арттыру мақсатында салық заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі туралы мәселе өзекті болып отыр.

Негізгі шаралар

Атап айтқанда, банктер, зейнетақы қорлары, пай қорлары және инвестициялық қорлар клиенттері үшін инвестициялық табысқа салық салу талаптарымен тең «өмірді сақтандыру» саласында қызметтерін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарының клиенттері үшін инвестициялық табысқа салық салу талаптарын құру жөніндегі мүмкіндік қарастырылады. Сондай-ақ, сақтандыру төлемдеріне салық салу мәселесі де әзірленеді. Бұл ретте, мұндай өзгерістердің барлық оң және теріс жақтарын, сондай-ақ ең жақсы халықаралық тәжірибені ескеру қажет.

3.6. Төлем жүйелерін дамыту

Ағымдағы жағдай

Қазіргі уақытта Қазақстанның төлем жүйелері төлемдер мен ақша аударымын қазіргі заманға сай жүргізуде экономиканың, банктердің және қаржы нарығына басқа қатысушылардың нақты секторының мұқтажын қамтамасыз етеді, сондай-ақ мемлекеттің ақша-кредит саясатын тиімді іске асырылуына және мемлекеттік бюджеттің атқарылуына септігін тигізеді. Бүгінгі күні Қазақстанның төлем жүйелері халықаралық қаржы ұйымдары дамыған елдердің төлем жүйелеріне қоятын барлық талаптарға жауап береді. Бұл ретте, төлем жүйелерінде пайдаланылатын нормативтік база мен технологиялар үнемі жетілдіріліп отырады.

Төлем жүйелерін құрған сәттен бастап жүйелермен өңделетін төлемдер саны мен көлемдері өсімінің тенденциясы сақталады. Осылайша, 2006 жылы 2002 жылмен салыстырғанда, қолма-қол емес төлемдер саны мен көлемі 2 есеге және 3,3 есеге тиісінше артты. Бұл ретте, елде қолма-қол емес төлемдердің барлық көлемі Қазақстанның төлем жүйелері арқылы өтетіндігін ескерсек, Қазақстанның экономикасын тиімді дамытуға олардың маңызды рөлін атап өту қажет.

Төлемдер ағымының жоспарлы өсімімен қатар төлем жүйелерінде ел халқы қолма-қол емес төлемдерді жүзеге асыру үшін кеңінен таралған және ыңғайлы құрал болып табылатын төлем карточкалары бойынша төлемдер саны мен көлемінің едәуір өсімі байқалды. Осылайша, 2005 жылы 2002 жылмен салыстырғанда, төлем карточкалары бойынша транзакция саны мен көлемінің өсімі 2,4 есені және 3,4 есені тиісінше құрады. Бұл ретті, төлем карточкаларының нарығы елдің қаржы рыногының едәуір серпінді дамып келе жатқан сегменттерінің бірі болып табылады. Жыл сайын айналымдағы карточкалар, карточкаларды ұстаушылар саны өсуде, төлем карточкалары нарығының инфрақұрылымы кеңеюде. Бүгінгі күні, елдің экономикалық

жағынан белсенді халықтың 45%-ы төлем карточкаларының нарығына тартылған, ал 3 жыл бұрын осы ара қатынас 20,4%-ды құрады.

Алайда, сонымен қатар, қазіргі уақытта бөлшек сауда саласында қолма-қол ақша айналымының басымдылығымен, сондай-ақ төлем карточкаларына қызмет көрсету үшін инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуымен байланысты белгілі проблемалар да бар. Бұдан басқа, төлем жүйелерінің операциялық сенімділігі мен қауіпсіздігін одан әрі арттыру жөнінде шаралар қабылдау шеңберінде шешім талап ететін мәселелердің бірі жаңа Төлем жүйелерінің резерв орталығын құру болып табылады, бұл төлем жүйелерінің негізгі және резерв орталықтарының орналасқан жерлерінің жеткіліксіз алшақтығына байланысты (Алматы қаласында).

2007-2011 жылдарға арналған негізгі міндеттер

Ұлттық Банкінің орта мерзімді кезеңге арналған төлем жүйелерін дамыту саласындағы негізгі мәселесі Қазақстан экономикасының түрлі субъектілері арасында төлем жүйелерінің жұмысын төлемдер мен ақша айналымын қауіпсіз және уақтылы өткізуді қамтамасыз ететін жоғары технологиялық деңгейде қолдау болып қалады.

Бұл ретте, 2007 жылдан бастап 2011 жылды қоса алғандағы кезеңге Ұлттық Банк төлем жүйелерін дамытуды мынадай бағыттар бойынша жүзеге асыруды болжамдайды:

Қолданыстағы төлем жүйелерінің техникалық инфрақұрылымын одан әрі жетілдіру және жаңғырту. Осы саясат шеңберінде жаңа Төлем жүйелерінің резерв орталығын құру жөнінде жұмыс жүргізілетін болады. Ұлттық Банкінің төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі негізгі мәселелерінің бірі оның үздіксіз және тиімді жұмысын қолдау болып табылады. Бұл жағдайларда, төлем жүйелерінің негізгі орталығы орналасқан ауданда төтенше жағдайдың туындауы жағдайында төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жаңа Төлем жүйелерінің резерв орталығын құру мәселесі Ұлттық Банкінің олардың жұмыс істеуінің үздіксіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мәселені тиімді орындау үшін ерекше маңызға ие.

Осылайша, бөлшек қолма-қол емес төлемдерді одан әрі кеңейту жөнінде жұмыс жалғасатын болады. Инфрақұрылымды дамытуға және тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге есеп айырысқанда төлем карточкаларын кеңінен пайдалануға қажет жағдай жасауға аса назар аударылады.

Бөлшек қолма-қол емес төлемдерді дамыту саласында басым бағыттар мыналар болуы тиіс:

спектрді кеңейту және халыққа көрсетілетін бөлшек банк қызметтерінің сапасын арттыру;

төлем қызметтерінің нарығын дамыту және инновациялық технологияларды енгізу үшін құқықтық тосқауылдарды жою;

бәсекелес нарықтық жағдайды қолдау;

қажет инфрақұрылымды дамыту және төлем карточкаларын пайдалану үшін тиісті жағдай жасау.

Бөлшек қолма-қол емес төлемдерді дамыту мақсатында қазіргі заман технологияларын - төлем карточкаларын, Интернет-банкингті, мобильдік банкингті және т.б. пайдалану негізінде қолма-қол емес төлемдерді енгізуге және кеңейтуге септігін тигізетін нормативтік базаны жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғасын табады.

Бөлшек қолма-қол емес төлемдер саласын кеңейту және банк өнімдерінің жаңа өспелі түрлерін дамыту осы бағыттағы банктің белсенді қызметіне байланысты. Осыған байланысты, бөлшек банк қызметтерін ұсынудың принципиалды жаңа деңгейіне шығу үшін банктерге төлем карточкалары нарығының дамыған инфрақұрылымын құру, төлем карточкаларын ұстаушыларға көрсетілетін қызметтер сервисін кеңейту, банкоматтар мен ақпараттық өз-өзіне қызмет көрсету киоскілері, мобильді байланыс құралдары және басқа инновациялар негізінде инновациялық технологиялар мен алыс қол жеткізу жүйелерін енгізу және дамыту жөніндегі күшті шоғырландыру қажет.

Сонымен қатар, карточкалар нарығын одан әрі дамыту шеңберінде мынадай міндеттерді кеңейту үшін банк жүйесінің құрылып жатқан «электрондық үкімет» жүйесімен біріктіруді қамтамасыз ететін «төлем шлюзінің» жобасын іске асыру болжамдалады:

екінші деңгейдегі банктер шоттарында орналастырылған халықтың және заңды тұлғалардың қаражаты есебінен «электрондық үкімет» қызметтеріне қолма-қол емес on-line төлемін іске асыру;

«электрондық үкімет» қызметтеріне қол жеткізу үшін төлем карточкаларына қызмет көрсету жөніндегі банктердің терминал желілерін пайдалану.

Қазақстанның қаржы жүйесін басқа елдердің қаржы институттарымен біріктіру жөніндегі жалпы тенденция шеңберінде нақты уақыт режимінде есеп айырысудың ұлттық жалпы жүйелеріне негізделген ЕурАзЭҚ елдері арасында жалпы төлем жүйесін құру жөніндегі жұмысқа қатысу жалғасын табады. Ұлттық Банк пайдаланушыларға SWIFT жүйесі арқылы төлем жүйесіне хабарды қабылдау және жіберудің қосымша арналарын ұсыну үшін SWIFT жүйесін Қазақстанның төлем жүйелерімен біріктірудің ықтимал жолдарын зерттейді. Жаңа қаржы институттарын қосу арқылы SWIFT сервис бюросын одан әрі дамыту болжамдалады.

Қазақстанның төлем жүйелерін танымал ету үшін төлем жүйелері және ТМД елдерінің бағалы қағаздарын есептеу жүйелері (CISPI) бойынша Дүниежүзілік Банк Бастамасы саласында халықаралық институттармен қарым-қатынасты және төлем жүйелерін құруда тәжірибемен алмасуды одан әрі дамыту болжамдалады.

3.7. Корпорациялық басқару сапасын арттыру

Қаржы жүйесінің тиімділігін арттыру, экономикалық процестер дамуына және халықаралық корпорациялық стандарттардың бизнес ортаға енуіне әсерін арттыру мәтініндегі маңызды мәселе республикада корпорациялық басқаруды жетілдірудің жаңа кезеңін жүргізу болып табылады.

Корпорациялық басқаруды жетілдіру жөнінде жоспарланған жұмыстың мақсаты қазақстандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін және инвестициялық тартымдылығын арттыруға септігін тигізетін кешенді және тиімді жүйені қалыптастыру, сондай-ақ корпорациялық қатынастардың айқындылығы мен транспаренттілігін қамтамасыз ету болуы тиіс.

Бұл ретте, корпорациялық басқаруды жетілдіру халықаралық заңнама стандарттарымен және, атап айтқанда, ОЭСР корпорациялық басқару принциптерімен неғұрлым жақындастыруға бағытталуы тиіс.

Қазақстанда корпорациялық басқару проблемалары

Республикадағы корпорациялық қатынастар мен корпорациялық басқарудың ағымдағы жағдайына шолу жасау қазақстандық компаниялардың инвестициялық тартымдылығын арттыруға және қаржы секторының экономикада қаржы ресурстарын бөлудің тиімді агенті ретінде одан әрі қалыптасуына бөгет болатын бірқатар негізгі проблемаларды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

сот бақылауының жеткіліксіз тиімділігімен байланысты құқыққа қарсы басып алудан компаниялардың меншік иелерінің мүдделерін әлсіз қорғау;

заңды тұлғалардың басқару органдары мүшелерінің жеке жауапкершілігі тетіктерінің пысықталмауы;

заңнамада корпорациялық шешімдер мен мәмілелердің дау айту және заңсыздығының нақты өлшемдерінің болмауы, бұл елеулі бұрмалаушылыққа және асыра пайдалануға, атап айтқанда, активтерді заңсыз шығаруға және т.б. алып келеді;

акционерлік қоғамдарға қатысты да, басқа заңды ұйымдарға қатысты да ақпаратты (оның ішінде қаржылық есеп беруде де) ашуға қойылатын талаптарды жетілдіру қажеттілігі;

инсайдер ақпаратын, нарықты басқару және қаржы айлаларын пайдалануға жол бермеу жүйесі пысықталмаған;

активтер қозғалысының, шешімдер қабылдау рәсімінің айқындылығы және т.б. бөлігінде біріктірілген бизнес-құрылымдарды (холдингтерді) реттеу саласы пысықталмаған.

Бұдан басқа, Қазақстанда шаруашылық жүргізетін заңды тұлғалар құрудың басым құқықтық нысаны жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып табылады, бұл ақпаратты ашу, корпорациялық басқару заңды ұйымдар саласында осы ұйымдарға қойылатын жұмсақ талаптармен байланысты, бұл ретте, олар капиталды тарту саласында акционерлік қоғамдар сияқты осыған ұқсас мүмкіндіктерді пайдаланады.

Қалыптасқан жағдай қаржы секторының формальды тетіктері арқылы инвестициялау тәуекелін арттырады, транзакциялық ұстап қалуларды ұлғайтады, корпорациялық қатынастарға қатысушылар үшін расталған ақпаратты таратуды шектейді, қор нарығын дамытуға кедергі болады.

2007-2011 жылдарға арналған негізгі міндеттер

Осыған байланысты, алдағы кезеңге Үкіметтің, Ұлттық Банкінің және Агенттіктің тиісті заңнама жұмыстарында көрініс табатын корпорациялық басқаруды дамытудың негізгі бағыттары мыналар болады:

1. Корпорациялық жанжалдар мен даулар ішінде реттеу, корпорациялық меншікті және активтерді заңға қарсы басып алудың алдын алу бөлігінде заңнаманы жетілдіру.

2. Компанияның басқару органдарының құрылымы саласында корпорациялық басқаруды жетілдіру, құзыретті бөлу және басқару органдары мүшелерінің жауапкершілігі.

3. Даулы корпорациялық шешімдер мен мәмілелерді қарау, басқару органдарының заңсыз іс-әрекеттерімен келтірілген акционерлерге және басқа тұлғаларға зиянды өтеу тәртібін реттейтін құқықтық нормалар құру.

4. Жария компаниялар өлшемдерін белгілеу және тиісті реттеу жүйесін қалыптастыру.

3.8. Халықтың қаржы секторының қызметтері туралы хабардар болу деңгейін арттыру және олардың қол жетімділігін арттыру

Халықтың қаржы секторының қызметтері туралы хабардар болу деңгейін арттыру

Мақсаты мен міндеті

Қаржы секторын және оның бәсекеге қабілеттілігін дамыту мәселелері қаржы қызметтерін негізгі тұтынушы ретінде халықтың қаржылық мәдениетінің деңгейін арттыру қажеттілігімен тығыз байланысты. Қаржылық мәдениетті арттыру ағымдағы даму кезеңінде негізгі мәселелердің бірі болып табылады.

Осы мәселені шешу инвесторларды - жеке тұлғаларды қазақстандық бағалы қағаздар нарығында оқыту арқылы, оның ішінде ұжымдық инвестициялар жүйесі, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қаржылық мәдениетті насихаттау арқылы қаржы қызметтерін пайдаланушылардың білім деңгейін арттыруды, халықтың жеке жинақтарын жұмылдыруды қоса алғанда бірқатар іс-шаралармен қамтамасыз етіле алады.

Негізгі шаралар

1. Қаржы қызметтерін пайдаланушылардың білім деңгейін арттыру

Осы мәселені іске асыру үшін осы ақпаратты халық және шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында пайдалануды одан әрі жандандыра отырып, барлық қаржы нарығына қатысушылардың қызметін сипаттайтын негізгі көрсеткіштерді (өлшемдерді) анықтау қажет.

Бұдан басқа, қаржы қызметтерін тұтынушыларды ақпараттандыру мақсаты үшін ақпарат таратудың қол жетімді құралын пайдалану арқылы нарыққа қатысушылар тарапынан да, мемлекеттік органдар тарапынан да халық арасында ақпараттық компаниялар жүргізілетін болады.

2. Инвесторларды - жеке тұлғаларды қазақстандық бағалы қағаздар нарығында оқыту арқылы, оның ішінде ұжымдық инвестициялар жүйесі арқылы халықтың жеке жинақ ақшасын жұмылдыру

Инвесторлардың қор рыногының құралдарына жоғары сенімділік деңгейі дамыған қаржы нарықтарының маңызды сипаттарының бірі болып табылатыны белгілі. Сондықтан, халықтың жеке жинақ ақшасын жұмылдыру мақсатында ұжымдық инвестициялау саласын дамытуды ынталандыру, ұсақ жеке инвесторлардың тәуекелдерін төмендетудің тиімді тетігі ретінде инвестициялардың ұжымдық нысандарын насихаттау және халықты қаржы нарығының мүмкіндіктері туралы кеңінен хабардар ету жүзеге асырылады.

3. Сақтандыру нарығына кәсіби қатысушылардың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің және ел халқының сақтандыру мәдениетін арттыру

Халықтың сақтандыру мәдениетін арттыру үшін өмірді сақтандыру жөніндегі сақтандыру ұйымдары зейнетақылық қамтамасыз ету (зейнетақылық аннуитеттер) шеңберінде қоғамның сақтандыру өмірінде елеулі роль ойнайтынын ескере отырып, сақтандыруды, негізінен өмірді сақтандыруды, танымал ету жөнінде іс-шаралар жүргізу қажет.

Халықтың сақтандыру қызметтеріне төмен сұранымының себептерінің бірі сақтандыру ұйымдары көрсететін қызметтердің көпшілік бөлігі және сақтандыру өнімдері туралы және олардың қаржылық жай-күйі туралы жеткіліксіз хабарлануы болып табылады.

Сақтандыру ұйымдарына және олардың бірлестіктеріне бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-әрекетті жандандыру, бұқара халыққа білім беру және оқыту бағдарламаларын ұйымдастыру, сақтандыру қызметтеріне халық сұранымын зерттеу және жаңа сақтандыру өнімдерін әзірлеуді қамтамасыз ету қажет.

Бұдан басқа, ақпарат ашудың айқын және нақты өлшемдері әзірленеді. Сақтандыру саласының ақпараттық айқындылығы көпшілік халыққа сақтандыру ұйымдарының қызметі және қаржылық тұрақтылығы туралы мәліметтің қол жетімділігін қамтамасыз етуі тиіс, ақпарат тұтынушыларға қол жетімді және түсінікті форматта ұсынылуы тиіс.

Сақтандыру ұйымдарының көрсетілген мәселелерін шешу Сақтандыру этикасы кодексін қабылдау қызмет етуі тиіс, оның негізі бизнесті әділ жүргізу, көрсетілетін қызметтер сапасын қамтамасыз ету, сондай-ақ сақтандыру қызметтерін тұтынушылардың мүддесін қорғау принциптері болуы тиіс.

4. БАҚ арқылы қаржылық мәдениетті насихаттау

Қаржылық мәдениетті арттыру мәселелерінде бұқаралық ақпарат құралдары маңызды роль ойнайды: газеттер, журналдар, телевидение, радио. Бұл бағытта қаржы нарығы, онда жүргізілетін реформалар саласында заңнама мақсаттарын насихаттау және түсіндіру жөніндегі жұмыс, қаржылық қызметтерді тұтынушыларды қорғауға бағытталған өзге шараларды жүзеге асыру күшейтіледі.

Халыққа қаржы секторы қызметтерінің қол жетімділігін қамтамасыз ету

Мақсаты мен міндеті

Халыққа қаржы секторы қызметтерінің қол жетімділігін қамтамасыз ету қажеттілігі Елбасы белгілеген стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу жолындағы маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Осы мәселені шешу халықтың қызметтерге қол жеткізуіндегі өңірлік дисбалансты жоюдан тұрады, бұл, өз кезегінде, олардың тізбесін кеңейтуді, сондай-ақ осы қызметтердің сапасын арттыруды ескере отырып, қаржылық қызметтер нарығында бәсекелестікті арттыруға септігін тигізеді. Осы мәселелерді шешудегі маңызды бағыттар қаржы секторында қызмет көрсетудің электрондық нысандарына көшу, кредит серіктестіктерін, микрокредит ұйымдарын, сақтандыру ұйымдарын, трансфер-агенттік қызметтерді дамыту, инвестициялаудың ұжымдық нысандарын жетілдіру, республиканың қаржы нарығында қызметтердің жаңа түрлерін дамытуды ынталандыру болып табылады.

Негізгі шаралар

1. Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың жұмысында электрондық сандық қол қоюға көшу және оны пайдалану

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы «Электрондық құжат айналымы және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» **Заңы** бұрын қабылданған, алайда оның басымдықтарын нақты толыққанды пайдалану қазіргі уақытта қиындау. Ақшаны электрондық байланыс құралдары арқылы басқаруға беру үшін клиент қолының түпнұсқалығын растау рәсімі аса маңызды.

Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының қызметтеріне қол жеткізуді және сапасын арттыру мақсатында электрондық сандық қол қоюды бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының жұмысына енгізу тетігі әзірленеді.

2. Зейнетақы секторында халыққа қызмет көрсетудің электрондық жүйесіне көшу

«Электрондық» үкімет құру жөніндегі бағдарламаны қоса алғанда, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде электрондық карточка негізінде алыс өңірлерді қоса алғанда, барлық халыққа қол жетімді электрондық қаржылық қызметтер ұсынуға көшу жөнінде жұмыс ұйымдастырылады және оның базалық қосымшаларының бірі ретінде азаматтарды зейнетақылық қамтамасыз ету жөніндегі электрондық қызметтерді қарастыру қажет. Бұл салымшыны сәйкестендіруге және үнемі оның жеке зейнетақы жинақтарының жағдайы туралы ақпарат беруі, электрондық қызметтер шеңберінде аударымдар мен төлемдерді ұйымдастыруы бойынша оған зейнетақы қызметтерін көрсетуге мүмкіндік береді.

3. Инвестициялаудың ұжымдық нысандарын жетілдіру

2006 жылғы 1 наурыздағы «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» Қазақстан халқына **Жолдауында** Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев елімізде тұрғын үйді жалға беру рыногын әлемдік стандарттарға сай дамытып, оны мемлекет үшін ашық, бизнес үшін тартымды ету керек деп атап өтті.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үйді жалға беру секторын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» **Заңы** қабылданды. Осы Заңды іске асыру мақсатында жылжымайтын мүлік қорларының активтерін құрайтын қаржы құралдарының тізбесін анықтайтын нормативтік құқықтық акті қабылданады деп болжамдалуда.

Инвестициялық қорларды дамыту бөлігінде заңнаманы одан әрі жетілдіру және инвестициялық қорлар құруға және дамытуға кедергі болатын заңнама нормаларын жою жоспарлануда. Атап айтқанда, пайларды сауда биржа жүйесінде айналымға жіберу, жылжымайтын мүлікке пай инвестициялық қорлар құқығын тіркеу, жерді пайдалану және жер қойнауын пайдаланушылар құқығы, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші серіктестіктерге қатысу үлесі.

4. Кредит серіктестіктерін, микрокредит ұйымдарын, сақтандыру ұйымдарын, трансфер-агенттік қызметтерін дамыту

Қазіргі уақытта қаржы нарығын дамытуда нақты дисбаланс проблемасы орын алады, бұл республиканың жеке, көбінесе алыс өңірлер халқының қаржылық қызметтерге қол жеткізе алмайтынымен не төмен қол жетімділігімен білінеді. Екінші деңгейдегі банктердің филиал желілерін кеңейткеннен басқа, осы мәселенің шешіміне кредит серіктестіктерін, микрокредит ұйымдарын, сақтандыру ұйымдарын, трансфер-агенттік қызметтерін дамыту септігін тигізе алады, осылайша, қаржы нарығында бәсекелестікті дамытуға жағдай жасайды.

Осы мақсаттарда орта мерзімді перспективада кредит серіктестіктер мен микрокредит ұйымдар ұсынатын қызметтер спектрін кеңейтуге жағдай жасау, сақтандыру нарығын инфрақұрылымын дамыту трансфер-агенттік қызметтерді дамыту болжамдалады.

5. Қызметтердің жаңа түрлерін дамытуға жағдай жасау

Халықаралық нарықтарда қалыптасқан дәстүрлі ұғымда инвестициялық банктер - бұл компанияларды біріктіру және жою мәселелері бойынша андеррайтинг, дилерлік және брокерлік операциялар, инвестициялық кеңес беру саласында бағалы қағаздар нарығында толық қызметтер тізбесін ұсынатын брокерлік-дилерлік компаниялар. Инвестициялық банктер осы қызмет түрлерін компанияларға, мемлекеттік органдарға, коммерциялық емес корпорацияларға және жеке тұлғаларға көрсетеді. Инвестициялық банк консультациялық қызметтер көрсетеді. Консультант ретінде ол бірқатар функцияларды орындайды. Ол қаржы құралдарын (акциялар, облигациялар және т.б.) дайындау және шығару кезінде делдал болып табылады, шығарылған қаржы құралдарын сатуды және орналастыруды ұйымдастырады, қаржы нарығындағы жағдайға байланысты инвестициялар жөнінде ұсынымдар береді, қажет қаржылық зерттеулер жүргізеді.

Қазақстанда инвестициялық банкингті дамыту мәселелері бойынша ағымдағы кезеңде тиісті нормативтік құқықтық актілерге кейбір өзгерістер енгізілді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы № 1385 Қаулысымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған **бағдарламасын** іске асыру шеңберінде іске асырылатын осы жұмыс жалғасын табады, бұл инвестициялық банкингті реттеу жөніндегі қолданыстағы нормативтік құқықтық базаны, жетілдіруде білінетін болады.

Қазіргі уақытта, отандық қаржы нарығына қатысушылар үшін ислам қаржыларының түрлі нысандарын пайдалану және Қазақстан ислам банкингін енгізу мүмкіндігі туралы мәселелер үлкен қызығушылық білдіреді.

Инвестициялар, қаржылық қызметтер және қаржы өнімдері шариғат принциптеріне сәйкес құрылымдалған ислам капитал нарығының пайда болуы ислам қаржы қызметтер индустриясының өсіміндегі табиғи прогресс нәтижесі болып табылады. Бүгінгі күні инвестицияларды шариғат принциптеріне сәйкес іздеген тұлғалардың мұқтажын қанағаттандыру үшін ислам капитал нарығының көптеген өнімдері мен қызметтері бар. Мұнда шариғатпен рұқсат берілген акциялар, ислам облигациялары, ислам қорлары және тәуекелдерді басқарудың ислам өнімдері кіреді. Ислам капитал нарығы өсіп едәуір дамыды. Өнімдерді құрылымдаудың, жобаларды қаржыландырудың ислам нысандары, биржа істері, активтерді басқару және венчурлік капитал қызметтері кеңінен қол жетімді болуда.

Ислам қаржысының ғаламдық қаржылық қауымдастықтарға әсері ұқыпты және толық қарастыруды және зерттеуді талап етеді.

Орта мерзімді перспективада Қазақстан ислам банкингін дамыту тетіктері әзірленді.

6. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету

Орта мерзімді перспективада қаржы нарығын реттеу және қадағалау саясаты мен тәжірибесінің сабақтастығы сақталады, қаржы секторының тұрақтылығын қамтамасыз етуге және тұтастай алғанда, қаржы жүйесіне сенімді нығайтуға септігін тигізеді. Қаржылық қызметтерді тұтынушыларды біріктіретін қауымдастықтар мен бірлестіктер рольдері күшейтіледі.

3.9. Қаржы нарығы үшін кәсіби кадрлар дайындау

Қаржы секторын дамыту мәселелерінде осы салада кәсіби кадрларды даярлау аспектісі маңызды рөл ойнайды. Отандық қаржы нарығын жеделдетіп дамыту және оның дүниежүзілік қаржы кеңістігіне кіру қажеттілігі қаржы индустриясы кадрларының кәсіби біліктілігін түбегейлі арттыру қажеттілігін әкімшілікпен ұсынады.

Бұл нарық талаптарын ескере отырып кәсіби кадрларды даярлауды көздейді, ол өз кезегінде бұдан әрі қаржы қызметтерінің сапасын және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруды ынталандыратын болады.

Бұл мақсатта халықаралық стандарттарға сәйкес білім беру бағдарламаларын, курстарды ұйымдастыруды, оқу орталықтарын, оқу-практикалық конференциялар мен семинарларды және оқытудың басқа нысандарын қайта қарауды ескере отырып орта және жоғары кәсіби білім беру жүйесі арқылы қаржы саласында кәсіби кадрларды даярлау жөніндегі ұсыныстар әзірленетін болады.

Сондай-ақ «Болашақ» бағдарламасы бойынша басым мамандықтардың тізбесіне қаржы және банк ісі, қаржы талдамашысы, банктерде тәуекел-менеджмент, сақтандыру құқығы, андеррайтер, сақтандыру ұйымында тәуекелдерді басқару қаржы консультанты сияқты мамандықтарды енгізу жөніндегі мәселе шешімін табатын болады. Алайда осы бағдарлама бойынша қаржыландыру көлемін арттыру және кандидаттарға қойылатын талаптарды жұмсарту қажет.

Сақтандыру саласында оқыту Қазақстанның қоғамдық сақтандырушылар бірлестігі жасаған тиісті оқыту бағдарламаларының негізінде жүргізілуі тиіс. Осы міндетті іске асыру мақсатында барлық сақтандыру ұйымдарының үлестік қатысуы есебінен сақтандырушылардың қоғамдық бірлестігі жанында оқу орталығын құру туралы мәселені қарау қажет.

Ұлттық Банк 2003 жылы құрылған Т. Рысқұлов атындағы Қазақ Экономикалық Университетінің MBA бағдарламасы бойынша Магистратура жолымен мемлекеттік органдар мен қаржы ұйымдары үшін кадрларды даярлау және қайта даярлауға қатысуды жалғастыратын болады.

3.10. ЕурАзЭҚ және басқа ықпалдасу одақтары шеңберінде Қазақстан қаржы секторының халықаралық қарым-қатынастарын тереңдету

Экономикалық реформаларды кезектілікпен өткізу көпжақты экономикалық ынтымақтастықты одан әрі тереңдету және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері арасында ықпалдастыру процестерін күшейту үшін алғышарттар жасап берді.

Біртұтас экономикалық кеңістік қалыптастыруды және қаржы жүйелерін ықпалдастыруды жеделдету өзара іс-қимылдың жаңа, перспективалық нысандары мен тетіктерін пайдалануға, бірлескен күш-жігермен оған қатысушылардың ортақ пайдалары мен ұлттық мүдделерін іске асыруға бағдарланған.

Қазақстан үшін алдағы орта мерзімді кезеңге арналған негізгі мақсаттар басталған экономикалық ықпалдастыру бастамаларын жалғастыру, ұлттық экономиканы дамыту үшін өңір елдерімен келісілген саясатты жүргізуді жалғастыру, өңір елдерінің заңнамаларын үйлестіруді жеделдету және адамдар мен капиталды жылжыту жолындағы барлық ықтимал кедергілерді алып тастау жөніндегі жұмысты жалғастыру болып табылады.

Бұрынғы Одақ елдерінің тиімді экономикалық өзара қарым-қатынасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД); Еуразия экономикалық қоғамдастығы (ЕурАзЭҚ); Біртұтас экономикалық кеңістік (БЭК); Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы кіретін Орталық-Азия ынтымақтастығы; Грузия, Әзірбайжан, Украина, Өзбекстан мен Молдова альянсы (ГӘУӨМ) сияқты ықпалдастыру бірлестіктерінің жұмыс істеу шеңберінде дамуда.

Экономикалық ықпалдасудың жаңа сатысы Белоруссия, Қазақстан, Ресей мен Украина президенттерінің БЭҚ қалыптастыруға дайындық туралы 2003 жылғы 23 ақпандағы өтінішінен бастау алды.

Өңірлік ынтымақтастық жолындағы көптеген қиыншылықтар оның «қаржылық құрамдас бөлігінің» дамымауымен байланысты.

Қазіргі заманғы жағдайларда валюталық қарым-қатынастар арасындағы өзара іс-қимылды күшейту ТМД қатысушы мемлекеттердің ұлттық экономикасын дамыту және олардың сыртқы қаржылық ауытқуларға осалдығының дәрежесін төмендету факторы ретінде үлкен мәнге ие болып келеді. Бұл ретте, валюталық-қаржы саласында өзара іс-қимылды нығайту кезеңділік қағидатына негізделеді.

Валюталық ықпалдастыру мәселелері 2003-2006 жылдарға және одан кейінгі жылдарға арналған ЕурАзЭқ-ті дамытудың басым бағыттарында көрініс тапты, оларда жалпы қаржы нарығы мен валюталық ықпалдастыруды қалыптастыру қағидаттары мен шарттары айқындалған.

Біртұтас экономикалық кеңістік құру мен дамыту және қаржы жүйелерін ықпалдастыру кезең-кезеңмен және сауда-экономикалық қатынастарды дамыту, кәсіпкерлік пен инвестицияларды дамыту, ақша-кредиттік, қаржы және валюталық қатынастарды дамыту, заңнамаларды кезеңмен үйлестіру, келісілген әлеуметтік саясатты жүргізу бағытында жүргізілуі тиіс. Көрсетілген кезең сақтандыру нарығын дамыту жөніндегі ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің ұлттық бағалы қағаздар нарығына қол жеткізуінің тең шарттарын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды іске асыру болып табылады.

Нарықтық қатынастарды қалыптастыру және дамыту жолындағы маңызды кезең Еуразия даму банкін құру болып табылады, оны құру туралы **келісімге** 2006 жылғы 12 қаңтарда қол қойылды.

Банктің стратегиялық мақсаты инвестициялық қызметті жүзеге асыру жолымен қатысушы елдерде нарықтық экономиканың дамуына, олардың экономикалық өсуіне және инвестициялық қызметті жүзеге асыру жолымен өзара сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтуге жәрдемдесу болып табылады. Банк біртұтас экономикалық кеңістіктің қаржы инфрақұрылымының біріктіруші элементі, терең интеграциялық процестерге қатысушы елдердің серіктесі болуға танылған.

2007-2011 жылдар ішінде валюталық одақты құру жөніндегі жұмыс жалғасады. Ол үшін мыналар алғышарттар болып табылады: экономикалық саясатты үйлестіру, барлық валюталық шектеулер мен капиталдың қозғалысына қойылатын шектеулерді алып тастау және және валюталық одаққа әлеуетті қатысушы елдердің экономикалық саясатының арасын біртіндеп жақындату.

4. Қаржы секторын дамытудың негізгі бағыттары

4.1. Кредиттік ұйымдарды дамыту

4.1.1. Банк секторы

Мақсаты мен міндеттері

Орта мерзімді перспективада банк секторын дамытудың негізгі мақсаттары мен міндеттері мыналар болып табылады:

халықтың банк өнімдеріне қатынауын кеңейту және қаржы қызметтерін тұтынушыларды қорғау деңгейін арттыру;

халықтың банк секторына сенімділігін арттыру мақсатында отандық екінші деңгейдегі банктер қызметінің айқындық деңгейін арттыру;

бәсекелестікті дамыту және шетелдік банктердің отандық қаржы нарығына қатынауын ырықтандыру;

үздік халықаралық практика негізінде банктік қадағалауды жетілдіру және елдің банк секторының сыртқы қарыз алуын басқару тиімділігін арттыру.

Ағымдағы жағдай

Әлемдік экономикаға неғұрлым тығыз кірігу жолында отандық банк жүйесін одан әрі жетілдіру түйінді рөл атқарады. Банк секторын ырықтандыру капиталды басқаруда озық шетелдік тәжірибені енгізуге, менеджмент сапасын және тиісінше, банк жүйесін дамыту деңгейін арттыруға ықпал етеді.

Банк секторын ырықтандыру мәселесі Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі жөніндегі келіссөз процесі шеңберінде қаралады. Осыған байланысты одан әрі ырықтандыру, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасының аумағындағы қызметіне тең жағдайлар жасау мақсатында Қазақстан Республикасының резидент еместерінің қазақстандық банк нарығына кіруі жөніндегі бірқатар шектеулер жойылды.

Банк жүйесі қызметінің ашықтығын арттыру мақсатында Банк қызметінің ашықтығын арттыру мәселелері бойынша ынтымақтастық және өзара іс-қимыл жасау туралы меморандум әзірленіп, банктерге қол қоюға ұсынылды, онда банктің шынайы меншік иелері туралы, банк бақылайтын ұйымдардың тізбесі туралы, банктің аффилиирленген тұлғалары және олармен жасалатын мәмілелер туралы, банк бизнесін дамытудың жақын арадағы бес жылға арналған стратегиясы туралы ақпаратты банктердің ашуы көзделеді.

Экономиканың үздіксіз өрлеуі, елдегі қолайлы инвестициялық ахуал, соңғы жылдары банк секторының орнықты дамуы халықаралық кредиторлар тарапынан сенімнің нығаюына және соның нәтижесінде сыртқы қарыздардың ағылуына ықпал етті, бұл өз кезегінде банк секторының шетелден алынатын қарыздарға тәуелділігін күшейтуі мүмкін.

Сырттан қарыз алудың өсуі банк секторының айтарлықтай валюталық тәуекелге бейімділік дәрежесін арттыруға алып келуі мүмкін екенін атап өткен жөн, оның келеңсіз әсері банктердің валюталық міндеттемелерін қайта бағалауға, сондай-ақ қайта қаржыландыру тәуекелдеріне, пайыздық тәуекелге және өтімділік тәуекеліне әкеп соғуы мүмкін.

Қазақстандық банктер сыртқы қарыздарды негізінен құбылмалы пайыздық ставка бойынша тартатынын айрықша атап өту қажет. Өз кезегінде, әлемдік нарықтағы ахуал мен кредиттік келісімдердің шарттары күрт өзгерген жағдайда банктер өз міндеттемелері бойынша жауап беруге қабілетсіз болуы мүмкін, бұл жекелеген банктің де, республиканың бүкіл банк жүйесінің де рейтингіне келеңсіз ықпал етуі мүмкін.

Ағымдағы жылы банктердің сырттан қарыз алуын шектеу мақсатында пруденциалық сипаттағы тиісті жанама шаралар қабылданды.

Отандық банк жүйесін жетілдіру жөніндегі қабылданып жатқан шараларға қарамастан, осы бағыттағы жұмыстарды жалғастыру қажет.

Банк секторын одан әрі дамыту мақсатында, сондай-ақ алдағы Қазақстанның ДСҰ-ға кіруін ескере отырып, халықаралық стандарттарды ескере отырып банк заңнамасын жетілдіру, бәсекелестікті дамытуды және шетелдік банктердің отандық қаржы нарығына кіруін ырықтандыруды дамыту тәуекелдерді бағалау негізінде шоғырландырылған қадағалауды жетілдіру бойынша шараларды қабылдау (ҚР-дағы қолданыстағы кангломераторларды және осыған байланысты тәуекелдердің туындауын ескере отырып), банктердің сыртқы нарықтарға экспансиясына, тұтынушылық кредит берумен және шағын бизнеске кредит берумен байланысты банк тәуекелдерін төмендету, қаржы статистикасын жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу ұйғарылады.

Негізгі шаралар

1. Шетелдік банктердің отандық қаржы нарығына кіруін ырықтандыру

Жаһандандыру процесін, Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға кіру перспективасын ескере отырып, банк жүйесінде ырықтандыру және бәсекелестікті арттыру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру орынды болып табылады.

Шетелдің қатысуы бар, банктердің қызметі үшін алынған шектеулерден өзге (шетелдің қатысуы бар банктердің жиынтық жарғылық капиталына, Басқарма құрамына, қаражатты ішкі активтерге орналастыру жөніндегі талаптарға, сондай-ақ персоналға қатысты) өтпелі кезеңді және елдің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге танылған шарттарды сақтаған кезде Қазақстан Республикасының аумағында олардың филиалдарының қызметіне рұқсат беру мүмкіндігін ұйғарылады.

2. Шоғырландырылған қадағалауды жетілдіру және оның әлемдік нарықтарға кіруін жеделдету мен белсенді халықаралық ынтымақтастық үшін ұлттық банк секторының айқындылығын қамтамасыз ету

Шоғырландырылған қадағалауды жетілдіру және банк секторында айқындылықты қамтамасыз ету мақсатында шоғырландырылған қадағалау, меншік иелері құрылымы, аффилиирлендірілген тұлғалармен қарым-қатынас жасасу бөлігінде банктердің заңнама талаптарын орындауын қамтамасыз етуге бағытталған банктік қадағалау рәсімдері жетілдірілетін болады.

3. Жылжымайтын мүлікке кредит беру көлемінің өсуіне, банктердің сыртқы нарықтарға экспансиесіне, тұтыну кредитін беруге және шағын бизнеске кредит беруге, сондай-ақ банк қызметтерінің тізбесін дамыту мен кеңейтуге байланысты банк тәуекелдерін азайту үшін шаралар қабылдау

Екінші деңгейдегі банктердің кредит тәуекелдерін, сондай-ақ жоғарыда санамаланған тәуекелдерді қажеттілігіне қарай бағалау мақсатында және экономикалық орындылықты ескере отырып қолданыстағы банк заңнамасы, әсіресе пруденциалдық реттеу және екінші деңгейдегі банктердің активтерін сыныптау әдістемесі бөлігінде жетілдірілетін болады.

4. Халықаралық стандарттарды ескере отырып банк заңнамасын жетілдіру

Қазақстанның банк секторын реттеуді халықаралық стандарттарға жақындату мақсатында Қазақстанның банк жүйесінің Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің "Капитал есебінің және капитал стандарттарының халықаралық конвергенциясы" (International Convergence of Capital Measurment and Capital Standars) (Базель II) капитал барабарлығының жаңа келісіміне көшуін жүзеге асыру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады. Орта мерзімді перспективада Базель II көшуді аяқтау жөніндегі жұмыс жүргізілетін болады, ол бірқатар шараларды жүзеге асыруды ұйғарады, атап айтқанда:

1) Агенттіктің Базель II көшу кестесін Базель II енгізу жөніндегі Топтың (Accord Implementation Group) өкілдерімен келісу;

2) Базель II қағидаттарымен кеңінен танысу және оларды көбінен түсіну мақсатында Агенттіктің ресми сайтында оның мәтінінің орыс тіліндегі нұсқасын орналастыру;

3) елдердің қадағалау органдарына олардың Базель II көшу ойлары мен шарттары туралы тиісті сұрау салулар жіберу;

4) отандық банктердің орталықтандырылған рейтингтер әдісін пайдалану орындылығын қарастыру;

Бұдан басқа, банктердің қызметіне қойылатын талаптарды арттыру, халықаралық практиканы ескере отырып екінші деңгейдегі банктерде тәуекелдерді басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмыстар жалғастырылатын болады.

5. Қадағалау ақпаратымен алмасу үшін шетелдік мемлекеттердің қадағалау органдарымен өзара іс-әрекет жасасу

Халықаралық стандарттарды ескере отырып, банк заңнамасын әсіресе Қазақстанның банк жүйесінің Базель II көшуін жүзеге асыру бөлігінде жетілдіру жөніндегі шаралар шеңберінде елдердің Қазақстанда қаржы ұйымдарының еншілес қаржы ұйымдары бар барлық реттеу органдарымен (АҚШ, Нидерланды) және тиісінше Қазақстанның қаржы ұйымдарының еншілес ұйымдары мен филиалдары бар елдермен ынтымақтастық пен ақпарат алмасу туралы меморандумдарды жасасу жөніндегі жұмыстарды жеделдету, сондай-ақ Қазақстанда еншілес банктері бар бас банктердің (атап айтқанда, АҚШ, Нидерланды, Ұлыбритания) қадағалау органдарымен бас банктердің Базель II ережелерін қолдануда өзара іс-әрекет

стратегиясын әзірлеу, оның ішінде техникалық ынтымақтастық саласында шет елдердің қадағалау органдарымен қарым-қатынастарды орнату ұйғарылады.

6. Депозиттерді міндетті кепілдендіру жүйесін дамытуды жетілдіру

Қазақстандық депозиттерді кепілдендіру жүйесінің (бұдан әрі - Жүйе) үздік халықаралық практикаға сәйкес келуі мақсатында мынадай негізгі шараларды жүзеге асыру қажет:

үздік әлемдік тәжірибені және Халықаралық депозиттерді сақтандыру жүйелері қауымдастығының (IABI) ұсынымдарын ескере отырып, Жүйені одан әрі жетілдіру;

2007 жылдан бастап Жүйеге қатысушы банктер үшін міндетті күнтізбелік жарналардың әртараптандырылған ставкаларын енгізу;

мәжбүрлеп таратылған банктің міндеттемелері мен мүлкінің бір бөлігінің екінші банкке (банктерге) бір уақытта берілуі жөніндегі операцияларды жүргізу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық базаны әзірлеуге қатысу.

7. Елдің банк секторының сыртқы қарыз алуын басқару тиімділігін арттыру

Ағымдағы жылы қабылданған халықаралық қаржы ұйымдарының ұсынымдарын ескере отырып, халықаралық практиканы зерделеуге негізделген банктердің сыртқы қарыз алуын шектеу жөніндегі шараларды, перспективада, қалыптасқан жағдай шеңберінде және көрсетілген шаралардың банк секторының сыртқы қарыз алу көлеміне әсер етуін назарға ала отырып, қажет болған кезде банктердің қызметін пруденциялық реттеуді жетілдіру шеңберінде осы бағыттағы жекелеген нормативтер мен лимиттерді қайта қарау мүмкін.

8. Қаржы статистикасын жетілдіру

Экономиканың қаржы секторының ұзақ мерзімді кредит беру статистикасының жоқтығы банк жүйесінің өнеркәсіптің негізгі құралдарын құру және жаңғыртуға инвестициялық кредит беруін тиісінше бағалауды жүргізуге мүмкіндік бермейді.

4.1.2. Банктік емес ұйымдардың секторы

Мақсаты мен міндеті

Қазақстан Республикасында да, шет елдерде де банктік емес ұйымдарды дамыту мен олардың қызметінің негізгі мақсаты халықты, шағын және орта кәсіпкерлерді кредиттік ресурстармен қамтамасыз ету осы ұйымдардың бәсекеге қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығының деңгейін арттыру болып табылады.

Банктік емес ұйымдар қаржылық қызметтер нарығындағы екінші деңгейдегі банктер жасауы мүмкін ақауларды толтыруға ықпал етуге тиіс.

Ағымдағы жағдай

Банктік емес ұйымдардың секторын одан әрі жетілдіруді қамтамасыз етуде қаржы жүйесін елеулі тәуекелдерден, ал халықты - бір жағынан қағидатсыз іс-әрекеттерден қорғау, екінші жағынан - инновацияны дамыту және кәсіпкерлікті дамыту үшін кедергілерді жеңу арасында балансқа қол жеткізу қажеттілігі маңызды рөл ойнайды.

Негізгі шаралар

1. Ипотекалық ұйымдар қызметін реттеудің заңнамалық және нормативтік базасын одан әрі жетілдіру

Ипотекалық ұйымдардың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету және тәуекелдерін ырықтандыру мақсатында оларды Базель комитетінің банктік қадағалау жөніндегі ұсынымдары мен Еуродирективаларға сәйкес пруденциалдық реттеу көзделген.

3 жылға есептелген олардың мөлшерін кредит ұйымдары үшін 2000 жылғы 20 наурыздағы 2000/12/ЕС директивасымен көзделген 2009 жылдың 1 қаңтарына 800 млн. теңгеге дейін жеткізе отырып, ипотекалық ұйымдардың жарғылық және жеке меншік капиталын арттыруды жүзеге асыру ұйғарылады. Бұл түпкілікті сатыда ипотекалық нарықта төмен капиталдандырылған ипотекалық ұйымдардың қатысу болжамын жоюға мүмкіндік береді.

Перспективада ипотекалық ұйымдар қызметінің нәтижелерін талдау негізінде, оларды тиімді қалыптасуы мен жұмыс істеуі үшін жағдайлар жасау мақсатында реттеуші төрелік пен бәсекелестіктегі кедергілерді болдырмауға негізделген ипотекалық ұйымдардың қызметін реттеудің заңнамалық және нормативтік базасын жетілдіру ұйғарылады.

Бұдан басқа, ипотекалық компаниялардың тәуекел-менеджменті жүйесін жетілдіру мәселелеріне көңіл бөлінетін болады.

2. Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын беруге құқықты ұйымдардың тізбесі бойынша шектеулерді енгізу

«Қазақстан Республикасында банктер мен банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы **Заңында** банктік қарыз операцияларын жүзеге асыруға, оның ішінде ипотекалық қарыздар беруге құқықты ұйымдардың (банктер, ипотекалық ұйымдар, брокерлер және (немесе) жалғыз акционері (қатысушысы) мемлекет болып табылатын атаулы ұстаушы және заңды тұлға ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығы бар дилерлер).

Бұл ретте мемлекеттік даму институттарын қоспағанда, барлық көрсетілген ұйымдар үшін олардың қызмет ерекшелігін ескере отырып пруденциалдық реттеу көзделді. Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде құрылған мемлекеттік даму институттары үшін пруденциялық реттеу көзделмеген, өйткені нормативтік реттеуді енгізу осы бағдарламаларды іске асыруға кедергі келтіруі мүмкін.

Пруденциялық реттеу көзделген және осы реттеу көзделмеген ұйымдардың қаржы қызметтерінің бір нарығында қызметі біріншісін теңсіздік жағдайына қояды. Бұдан басқа, ипотекалық кредит беру нарығының, атап айтқанда қарыз алушының төлем қабілетсіздігіне және жылжымайтын мүлік нарығында, атап айтқанда тұрғын үй нарығында бағаның мүмкін күрт ауытқуларына байланысты жоғары тәуекелдер тән ерекшелігін ескеру қажет.

Осыған байланысты, заңнамалық деңгейде екінші деңгейдегі банктер мен ипотекалық ұйымдарды енгізе отырып, ипотекалық тұрғын үй қарыздарын беруге құқықты ұйымдардың тізбесін шектеген жөн.

3. Жылжымайтын мүлікпен жасалатын алыпсатарлық мәмілелердің көлемін тежеу жүйесін енгізу

Жылжымайтын мүлік нарығының дамуын талдау Қазақстанда коммерциялық (офистер, қоймалар) және тұрғын үй жылжымайтын мүліктің түрлі секторларына салымдар бойынша кірістілік орташа есеппен алғанда жылдық 12-16%-ды құрайтындығын куәландырып отыр, ол банк салымдары бойынша кірістіліктен асып түседі. 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстанда жеке тұлғалардың мерзімді салымдары бойынша орташа өлшемді пайыздық ставка соңғы 2 жылда тұрғын үйге бағаның өсуі жылына 48%-ды құрағандығына қарамастан, теңгемен жылдық 9,4%-ды шетел валютасымен 5,9%-ды құрайды.

Бұдан басқа, жылжымайтын мүлікті жалға беру кірістілігін талдауды жүргізу кезінде республикада алыпсатарлықтың негізгі объектісі құны 50 мың АҚШ долларынан асатын жылжымайтын мүлік болып табылатындығы анықталды, ол жалға берушіге орташа алғанда жылдық 17,2% кірісті қамтамасыз етеді.

Мұндай ахуал тұрғын үй нарығында сақталып отырған бағаның өсу үрдісімен қатар кейіннен сату және құнының өсуінен кіріс алу мақсатында тұрғын үйді сатып алуға мүдделікті ынталандырады. Тұрғын үйге сұраныс пен ұсыныс арасында тепе-теңдіктің болмауы, тұрғын үйді сатып алу-сатумен айналысатын делдал ұйымдардың көптігі, делдал және құрылыс компанияларының қызметіне қатаң мемлекеттік бақылаудың болмауы және т.б. сияқты факторлармен қатар тұрғын үй алыпсатарлығы «сабынды көпіршік» қаупін және тұрғын үйге бағаның «құлау» қауіптілігін тудырады, ол ипотекалық кредиттер бойынша кепіл құнын төмендету мағынасында қаржы ұйымдары үшін шынайы қауіптілікті білдіреді.

Тұрғын үймен алыпсатарлық мәмілелерді жасауды азайту мақсатында мынадай шараларды енгізу орындылығы қарастырылатын болады:

1) қосымша тұрғын үй сатып алушылар үшін қосымша біржолғы салық және/немесе мұндай салыққа жоғары салық салу;

2) сатып алғаннан кейін екі-үш жылдың ішінде тұрғын үй сатушылар үшін салық салуды (оның ішінде капиталдың өсімінен) қатаңдандыру.

4.2. Жинақтаушы зейнетақы қорлары

Мақсаты мен міндеті

Орта мерзімді перспективада жинақтаушы зейнетақы жүйесінің негізгі мақсаттары мен міндеттері:

жинақтаушы зейнетақы қорлары арасында бәсекелестікті дамыту;

Қазақстанның бүкіл халқы үшін зейнетақы қызметтерінің қол жетімділігі мен сапасын арттыру;

жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялау жөніндегі мүмкіндіктерін арттыру;

зейнетақы жинақтауларының сақталуын қамтамасыз ету және зейнетақы, төлемдері мен аударымдары жүйесінің салымшылары мен алушыларының құқықтарын қорғау жөніндегі тетіктерді одан әрі жетілдіру;

міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жүйесінің жұмыс істеу тиімділігін арттыру болып табылады.

Ағымдағы жағдай

Қазіргі уақытта зейнетақы қорлары ішкі бағалы қағаздар нарығындағы аса ірі институционалдық инвесторлардың біріне айналды. Соңғы уақытта Қазақстан Республикасының қор нарығында тартымды, сонымен бірге сенімді әрі өтімді бағалы қағаздардың тапшылығы аясында зейнетақы активтері инвестициялануы мүмкін бағалы қағаздардың кірістілігін азайту жөніндегі орнықты үрдіс байқалды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы № 1359 қаулысымен бекітілген Жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған **бағдарламасына** сәйкес салымшылардың әрқилы топтары үшін бір-бірінен инвестициялық портфельді әртараптандыру дәрежесімен, кірістілігімен және инвестициялық тәуекел дәрежесімен ерекшеленетін зейнетақы жоспарларын енгізу көзделген. Осыған байланысты таңдап алынған инвестициялық стратегияның сипатына негізделе отырып, жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері портфеліндегі қаржы құралдарының тізбесіне қойылатын талаптарды белгілеу қажет.

Бір-бірінен инвестициялық портфельді әртараптандыру дәрежесімен ерекшеленетін зейнетақы жоспарларын енгізу шеңберінде зейнетақы активтерінің бір бөлігін басқару үшін резидент еместерді тарту

мүмкіндігін қарау, портфельді мұндай басқарушылар үшін ең төменгі қажетті рейтингті белгілеу жоспарланып отыр.

Негізгі шаралар

1. ЖЗҚ қызметін бағалауды енгізу жолымен бәсекелестікті ынталандыру

Қазіргі уақытта жинақтаушы зейнетақы қорының орташа өлшемді атаулы кірістілігінің көрсеткішін қоспағанда, қорды таңдау үшін нақты бағдарға зейнетақы қорларының сомасы және салымшылардың саны жоқ. Портфель тәуекелін бағалау мүмкіндігін беретін көрсеткіштер жүйесін әзірлеудің негізді қажеттілігі бар. Бір-бірінен инвестициялық портфельді ырықтандыру деңгейімен, салымшылардың түрлі топтары үшін инвестициялық тәуекел кірістілігімен және деңгейімен ерекшеленетін зейнетақы қорлары инвестициялық портфельдерінің сапасын қолдау мақсатында салымшылар үшін зейнетақы активтерін басқару тиімділігінің көрсеткіштерін жүйесін жетілдіру мүмкіндігін, сондай-ақ салымшының инвестициялық портфельдердің түрлі нұсқаларын таңдау мүмкіндіктерін кеңейту мәселесін қарау ұйғарылады.

Бұдан басқа, инвестициялар портфелінің кірістілігі мен тәуекелі негізінде жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін көрсететін көрсеткіштерді енгізу.

2. Қаржы құралдарының, оның ішінде зейнетақы активтерін инвестициялау үшін валюталық және өзге тәуекелдерді хеджерлеу жөніндегі спектрін кеңейту және бағалы қағаздар нарығында өтімділікті арттыру үшін ынталандырулар жасау

Қаржы құралдарының, оның ішінде зейнетақы активтерін инвестициялау үшін валюталық және өзге тәуекелдерді хеджерлеу жөніндегі спектрін кеңейту және бағалы қағаздар нарығында өтімділікті арттыру үшін ынталандырулар жасау өзекті мәселе болып қалып отыр. Осыған байланысты Үкіметтің кепілдері және/немесе кепілдемелері негізінде басым жобаларды, секьюрителендіру мәмілелерінің негізінде басым жобаларды қаржыландыру үшін ЖЗҚ активтерін пайдалану, сондай-ақ қорлардың активтерін хеджерлеу экономикалық дамудың басым бағыттарына да, зейнетақы активтерінің сапасын арттыруға да сәйкес келетін болады. Алайда осы міндеттерді шешу үшін осы өнімдерді бағалау мен есепке алудың әдістемесі жөніндегі нормативтік реттеуді, активтерді қаржы құралдарының көрсетілген түрлеріне инвестициялаудың және оларды іс жүзінде қолданудың практикалық тетігі жөніндегі әдіснамалық аспектілерді әзірлеу қажет.

3. Халықты қамтуды кеңейту, сондай-ақ әлеуметтік қорғау деңгейін арттыру мақсатында жинақтау жүйесінде қатысу үшін ынталандыру жасау

Әлеуметтік шаралар ретінде кезекті көлеңкелі жұмыспен қамтуды қысқарту мақсатында жауапкершілікті мемлекет, жұмыс берушілер мен қызметкерлер арасында ұтымды бөлуді ұйғаратын, формалды секторда - жұмыспен қамтамасыз ету уәждемесін ынталандыратын әлеуметтік қамсыздандырудың үш сатылы жүйесін қалыптастыру жоспарланып отыр.

Сондай-ақ нашарлап бара жатқан демографиялық жағдайда зейнетақы жасындағы азаматтарды толық әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі міндеттемелердің бір бөлігін мемлекеттен және салық төлеушіден алып тастау мақсатында өз пайдасына да, үшінші тұлғалардың пайдасына да ерікті зейнетақы жарналарының салымшылары үшін барынша қолайлы жағдай жасай отырып, кәсіптердің шектелген тізбесі бойынша ғана емес, барлық жұмыс берушілердің өз қызметкерлерінің пайдасына ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын төлеу шарттарын беруін қарау қажет. Ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналары жүйесінің тартымдылығын арттыру мақсатында жинақтау мерзімдері бойынша ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын төлеуді жеңілдіктеу мәселесін қарау қажет.

Халықты, әсіресе өмірі үшін жоғары тәуекел деңгейі бар өнеркәсіп салаларында жұмыс істейтін қызметкерлерге қатысты әлеуметтік қорғау деңгейін арттыру мақсатында міндетті кәсіби зейнетақы жарналарын енгізу мүмкіндігін қарау ұйғарылып отыр.

Халықты хабардар етудің, сондай-ақ салымшылар үшін зейнетақы қорлары қызметінің айқындылығы деңгейін арттыру саласында ЖЗҚ инвестициялық декларацияларын және оларды орындау нәтижелерін жариялау жөніндегі талаптарды енгізу орынды.

4. Міндетті зейнетақы жарналары бойынша жинақтаушы зейнетақы жүйесіне төлемдерді оңтайландыру және міндетті зейнетақы жарналары жөніндегі агенттердің берешегін азайту

Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығының (МЗТО) негізінде бірыңғай есепке алу орталығын құру жолымен Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп жүзеге асырылады. 2006 жылғы 1 шілдеден бастап міндетті зейнетақы жарналарын, оның ішінде берешекті аудару МЗТО тікелей жүргізіледі. МЗТО міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақылық қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізіміне сәйкес міндетті зейнетақы жарналарын жинақтаушы зейнетақы қорына аударады. Жинақтаушы зейнетақы жүйесінде төлемдерді оңтайландыру салымшыға зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасу үшін жинақтаушы зейнетақы қорын дербес іріктеу құқығын іске асыруға; салымшының, жұмыс беруші мен зейнетақы жүйесі кәсіби қатысушыларының жалпы шығындарын азайта отырып жинақтаушы зейнетақы жүйесіне ақпараттық және қаржы ағындарының өтуін оңтайландыруға мүмкіндік береді; түрлі жинақтаушы зейнетақы қорларында ашылған жеке зейнетақы шоттарының қайталануын болдырмау үшін жағдай жасау; міндетті зейнетақы жарналары есебінен соңғы шарт жасалған қорға салымшының зейнетақы жинақтауларын автоматты түрде аударуға мүмкіндік береді;

міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттердің міндетті зейнетақы жарналарының сомасын аудару рәсімін жеңілдету.

Зейнетақы шартын жасасу, жинақтауларды аудару және төлеу жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде салымшының электрондық бірегейлендіруін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қазіргі заманғы технологиялар негізінде халыққа қызмет көрсетудің электрондық жүйесіне кезең-кезеңмен көшу жоспарланып отыр (пилоттық жобалар түрінде электрондық карточкаларды енгізу).

5. Жинақтаушы зейнетақы қорларын және зейнетақы активтерінің құрамына енетін құралдардың тәуекеліне байланысты зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарды капиталдандыруды арттыру, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйелерін енгізу

Құралдардың тәуекелі мен кірістілігін салыстыру негізінде зейнетақы активтерін басқарудың тиімділігін арттыру және инвестициялық портфельді қалыптастыру мақсатында зейнетақы активтерінің есебінен инвестициялық объектілерді іріктеу өлшемдері ретінде бағалы қағаз эмитентінде немесе бағалы қағаздың өзінде ең аз рейтингтік бағалаудың болуын пайдалану мүмкіндігін қарау және Қазақстан Республикасының немесе шетелдік мемлекеттің ұйымдастырылған нарығында міндетті айналдыру ұйғарылады.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының және басқарушы компаниялардың инвестициялық портфельдерінде қамтылған құралдардың тәуекеліне қарай көрсетілген тәуекелдерге барабар капиталды қалыптастыру тәртібі енгізілетін болады. Жинақтаушы зейнетақы қорларын және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарды зейнетақы активтерінің есебінен қалыптастырылған инвестициялық портфельдің сапасына қарай қалыптастырылатын жеке капиталдың жеткілікті коэффициенті бөлігінде пруденциялық реттеуді одан әрі жетілдіру жоспарланады.

Сондай-ақ бұдан әрі жинақтаушы зейнетақы қорларында және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарда менеджердің де, Директорлар кеңесі мүшелері мен акционерлердің жауапкершілігін қатаңдандыра отырып, осы ұйымдардың міндеттеріне енетін инвестициялық және басқа шешімдерді қабылдауға байланысты рәсімдерді белгілеу және регламенттеу бөлігінде тәуекел-менеджменті жүйесін жетілдіру ұйғарылады. Бұдан басқа, зейнетақы активтерін сақтандырудың жекелеген элементтерін енгізу мүмкіндігін қарау орынды болып отыр.

4.3. Сақтандыру секторы

Мақсаты мен міндеті

Орта мерзімді перспективада сақтандыру нарығын дамытудың негізгі мақсаттары мен міндеттері мыналар болып табылады:

азаматтардың, заңды тұлғалардың, мемлекеттің сақтандыруды қорғаудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру және мемлекет экономикасын дамыту үшін ұзақ мерзімді инвестициялық ресурстарды шоғырландыру жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру;

халықты әлеуметтік қорғаудың құралы ретінде өмірді сақтандыруды дамыту міндетті сақтандыру жүйесін жетілдіру;

халықтың сақтандыру ұйымдарына сенімін және сақтандыру қатынастары барлық субъектілерінің сақтандыру мәдениетін арттыру;

үздік халықаралық практика негізінде сақтандыру қадағалауын жетілдіру.

Ағымдағы жағдай

Соңғы жылдары республика экономикасының тұрақты өрлеуі және ұлттық сақтандыру индустриясын реформалау жөнінде мемлекет қабылдаған шаралар осы саланың шапшаң дамуына ықпал етті. Сақтандыру нарығының негізгі көрсеткіштерінің бірнеше жыл ішіндегі серпініне оң баға берілуде. Дегенмен, елде өмірді сақтандыру және жинақтаушы және ұзақ мерзімді сақтандырудың өзге түрлері нарығы жеткіліксіз дамыған. Қазіргі кезде өмірді сақтандыру жөніндегі сақтандыру ұйымдарының инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейту мәселесі өзекті болып қалып отыр. Сақтандыру ұйымдарын капиталдандыру төмен деңгейде, олар жинаған сақтандыру сыйлықақыларының басым бөлігі қайта сақтандыру арналары арқылы шет елдерге беріледі.

Бұдан басқа, міндетті сақтандыру жүйесінде бірқатар проблемалар бар. Айталық, міндетті сақтандырудың ұлттық жүйесінің өзінің барлық әлеуетін толық көлемде пайдалануға мүмкіндік бермейтін бірқатар проблемалары бар. Міндетті сақтандырудың тиімділігін төмендететін басты проблемалардың қатарына мыналарды жатқызуға болады:

сақтандырушылардың міндетті сақтандыру туралы заңнаманы сақтауын мемлекеттік қадағалау деңгейінің жеткіліксіздігі мен қолданыстағы заңнаманың жетілдірілмегендігі;

міндетті сақтандыруды қолдану туралы нормаларды қамтитын салалық заңдарды әзірлеуді шектеу қажеттілігі.

Көлік құралдары иелерінің АҚЖ-ын міндетті сақтандыру сақтандырудың бұқаралық түрлерінің бірі болып табылады, бұл көлік құралдары иелерінің және жол қозғалысының басқа қатысушыларының

мүдделерін қозғайды. Сондықтан сақтандыру нарығында осы сақтандырудың проблемалары неғұрлым өткір сезіледі.

Жақын арадағы жылдары сақтандыру нарығының инфрақұрылымын дамыту бөлігіндегі маңызды мәселе өзара сақтандыру жүйесін дамыту болады. Өзара сақтандыру қазіргі заманғы сақтандыру нарығы элементтерінің бірі болып табылады. Өзара сақтандырудың қажеттігі, ең алдымен әрқилы себептерге: көп шығынға, сақтандыру сомаларының жоғары мәніне байланысты коммерциялық сақтанушылар сақтандыруға қабылдаудан бас тартатын тәуекелдердің көп болуымен негізделген.

Бұдан басқа, сақтандыру ұйымдарында тәуекелдерді басқару жүйесі дамытуды талап етеді.

Негізгі шаралар

1. Сақтандыру ұйымдары қызметінің ашықтық деңгейін арттыру (шоғырландырылған қадағалауды жүзеге асыру) - осы сәтте қолданыстағы шоғырландырылған қадағалау туралы заңнамада қаржы ұйымының нақты меншік иесін, қаржы ұйымының шешімдерін анықтайтын аффилиирленген тұлғалар тобын анықтау мүмкіндігі көзделді, қаржы ұйымы қабылдайтын шешімдерге елеулі әсер ететін қаржы ұйымдарының акционерлерін анықтау бөлігінде банктермен сақтандыру және зейнеткерлік заңнаманы біріздендіру жүргізілді.

Жүйелік тәуекелдері бар неғұрлым ірі сақтандыру ұйымдары банк конглометрлеріне жатады және оларды шоғырландырылған негізде реттеу банк конглометрі арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар банк конгломератына жатқызылмаған 24 сақтандыру ұйымына шоғырландырылған негізде пруденциялық реттеуді жүзеге асыру мүмкіндігі аз қолданылады.

Бұл кең көлемде олардың арасында қаржы кангломератын құрайтын заңды тұлғалар тобының іс жүзінде жоқтығымен түсіндіріледі.

Осылайша осы бағыттағы келесі саты осы сақтандыру ұйымдары мен олар құрған топтар үшін шоғырландырылған негізде пруденциалдық реттеуді жүзеге асыру болады.

2. Міндетті сақтандыру жүйесінің тиімділігін арттыру

Қазіргі уақытта Қазақстанда міндетті сақтандыру жүйесі, тұтастай алғанда қалыптасты. Міндетті сақтандырудың енгізілген түрлері субъектілердің ауқымды шеңберін түрлі, оның ішінде қаржылық, әлеуметтік, экологиялық, табиғи, техногендік тәуекелдерден сақтандырумен қамтиды.

Сонымен қатар, міндетті сақтандырудың ұлттық жүйесінің өзінің барлық әлеуетін толық көлемде пайдалануға мүмкіндік бермейтін бірқатар проблемалары бар.

Міндетті сақтандыру жүйесін неғұрлым нақты ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі мақсатында мыналар:

сақтандыру ұйымдарының сақтандырудың міндетті түрлері бойынша қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиялар алу үшін шарттар анықтау;

қаржылық есептілік нысандарын жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;

Үкімет тарапынан сақтандырушылардың міндетті сақтандыру туралы заңнаманы сақтауын мемлекеттік бақылау жүйесін ұйымдастыру бойынша шаралар қабылдау жөніндегі бірқатар шаралар жүргізілетін болады.

Осымен бір уақытта міндетті сақтандыру жөніндегі заңнаманы жетілдіру бойынша шараларды қабылдау қажет.

Көлік құралдары иелерінің АҚЖ сақтандыру өзекті мәселелерінің бірі сақтандыру тарифтері мөлшерінің республикадағы жол қозғалысы тәуекелдерінің деңгейіне барабарлығы мәселесі болып отыр. Төмен рентабельдікке, ал кейбір сақтандыру ұйымдарында сақтандырудың осы түрі бойынша операциялардың шығындылығына байланысты сақтандыру ұйымдарының сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан бас тартатын, сақтандыру шарттарын жасасудан бас тартатын, агенттік пункттер санын қысқартатын жағдайлар орын алып отыр, бұл сайып келгенде, сақтандырушыларға және жол-көлік оқиғасының нәтижесінде зардап шеккен тұлғаларға келеңсіз әсер етеді.

Жолдарда апаттардың жоғары деңгейін, елдің автопаркінің икемсіз өсуін және сақтандыру төлемдерінің көлеміне әсер ететін өзге факторларды ескере отырып, көлік құралдары иелерінің АҚЖ сақтандыруының және тарифтерге байланысты проблемаларға жедел әрекет етудің тұрақты мониторингін ұйымдастыру қажеттілігі туындайды.

Көлік құралдары иелерінің АҚЖ сақтандыру жөніндегі, оның ішінде сақтандыру жағдайын қарау тәртібін жеңілдету және қысқарту және сақтандыру төлемін жүзеге асыру мақсатында заңнаманы жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру қажет. Халықаралық тәжірибені және осы жүйені қолдану практикасын ескере отырып, шығындарды тікелей реттеу жүйесін енгізу мүмкіндігі әзірленетін болады.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» атты 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына **Жолдауын** іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Президентінің 2006 жылғы 11 сәуірдегі № 86 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі көлік стратегиясы әзірленген болатын, оның негізгі мақсаттары көлік-коммуникациялық кешенін одан әрі дамыту, сондай-ақ Қазақстанның көлік жүйесін дүниежүзілік көлік жүйесімен ықпалдастыру болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген стратегия атап айтқанда Қытай мен Ресей сияқты елдерді қамтитын пайдалы, сенімді және қол жетімді транзиттік бағыттарды құра отырып, елдер арасында өсіп отырған сауда байланыстарын қамтамасыз етуге бағытталған.

Осыған байланысты Еуразия экономикалық қоғамдастығы (ЕурАзЭҚ), немесе Шанхай ынтымақтастығы ұйымы (ШЫҰ) шеңберінде қолданыстағы «Жасыл карта» халықаралық автосақтандыру жүйесіне ұқсас көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін сақтандырудың халықаралық жүйесін құру мүмкіндігі әзірленетін болады. ЕурАзЭҚ немесе ШЫҰ шеңберінде көлік құралдары иелерін сақтандырудың халықаралық жүйесін енгізу Қазақстанның «Жасыл карта» жүйесіне қосылуы жөніндегі жұмысты жалғастыруға, сондай-ақ мемлекетаралық автомобиль қатынасы проблемасын шешуге мүмкіндік береді.

Отандық практиканы және халықаралық тәжірибені ескере отырып, қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүргізу ережелері мен тәртібін одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет. Бұл ретте экономикалық қызмет түрлерін кәсіби тәуекел топтарына жатқызу тізбесін нақтылау және сақтандырудың осы түрінің басқа шарттарын жаңғырту қажет. Жұмыс берушінің жауапкершілігін сақтандыру сақтандырудың міндетті түрі болып табылатындығын ескере отырып, оның жүргізудің барлық шарттары айқын және осы құқық қатынастарының барлық қатысушылары үшін түсінікті болуы тиіс. Осыған байланысты сақтандырудың осы түрі бойынша аннуитетті өнімдерге қатысты бірыңғай ең төменгі міндетті талаптарды белгілеу мүмкіндігі зерделенетін болады.

3. Міндетті сақтандыру түрлерін жүзеге асыру кезінде дауларды шешудің соттан тыс тетіктерін құру

Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруға байланысты дауларды жою жөніндегі проблемаларды шешу мақсатында сақтандыру омбудсман түрінде соттан тыс тетіктерді құру қажеттілігі туындады. Дауларды шешуде мұндай тетікті қолдану икемділікке негізделген, ол тұтынушылардың да, сақтандырушылардың да мұқтаждарына неғұрлым сәйкес келеді, атап айтқанда: төмен шығындар, рәсімдердің жылдамдығы мен формалдық емес сипаты, сақтандырушылардың қабылданған шешімді міндетті орындауы.

Сақтандыру омбудсманы институттарын қолданудың дүниежүзілік тәжірибесі үкіметтік агенттіктердің, заңнамалық комитеттердің, сақтандыру ұйымдары өкілдерінің және сақтандыру қызметтері тұтынушыларының тұтынушылар тарапынан сақтандыру қарым-қатынастарын бақылау мақсатында оларды құру жөніндегі мүдделерін біріктіруге негізделген.

4. Сақтандыру нарығының инфрақұрылымын дамыту

Сақтандыру нарығын дамыта отырып сақтандыру нарығының дамыған инфрақұрылымының болуы үлкен әсер алып отыр. Осыған байланысты сюрвейер, андеррайтер, апат комиссарлары және т.с.с. сияқты сақтандыру нарығы қатысушыларының өкілеттіктерін заңнамалық бекіту талап етіледі. Аталған нарық қатысушыларын дамыту сақтандырылатын тәуекелдерді және сақтандыру жағдайы басталу нәтижесінде келтірілген зиянның мөлшерін нақты бағалауды жүзеге асыру қажеттілігімен шартталған.

Сақтандыру ұйымдарының делдалдары - агенттер желісін дамытуға ерекше көңіл бөлінетін болады. Сақтандыру агенттерінің тиімді жұмыс істейтін желісін құру сақтандыру ұйымдарына өз сақтандыру өнімдеріне сату көлемін ұлғайтуға және сақтандырушыларды неғұрлым кең қамтуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Агенттік желісін құрудағы маңызды сәт агенттердің кәсіби даярлығын ұйымдастыру болып табылады. Қандай да бір сақтандыру өнімінің біліктілік, білім, оның ар-намысын көрсету деңгейіне тұтастай алғанда сақтандыруды дамыту және атап айтқанда өмірді сақтандыру тәуелді. Қолданыстағы заңнамаға сақтандыру нарығының аталған қатысушыларының мәртебесін, біліктілік талаптарын, қызметінің шарттары мен жауапкершілігін анықтайтын тиісті түзетулерді енгізу қажет.

Сақтандыру агентінің жеке кәсіпкерлікке жатқызу мәселесін қарау ұйғарылады. Жеке кәсіпкер ретінде сақтандыру агенті қызметінің басымдықтары мыналар болып табылады. Сақтандыру агенттері салық салудың оңайлатылған жүйесін алатын болады, сақтандыру ұйымдары пайда тартуға бағытталған өз қызметінде мүдделі білікті агенттерді алады, ол түптеп келгенде сақтандыру қызметін кеңейтуге және ұсынылатын сақтандыру өнімдер санының артуына, қызметтер ұсыну сапасының жақсаруына әсер етеді. Мемлекеттің атынан уәкілетті органдар сақтандыру ұйымының ішкі құрылымының айқын моделін алады.

Осылайша сақтандыру нарығы инфрақұрылымының бір бөлігі ретінде өзара сақтандыру жүйесін дамытуға көңіл бөлінетін болады. Өзара сақтандыру қазіргі заманғы сақтандыру нарығы элементтерінің бірі болып табылады. Өзара сақтандыру қажеттілігі ең алдымен коммерциялық сақтандырушылар түрлі себептерге: таза шығындар, сақтандыру сомаларының жоғары мәніне байланысты сақтандыруға қабылдаудан бас тартатын тәуекелдердің көп санының болуымен шартталған.

Сақтандыру нарығының инфрақұрылымын дамыту бөлігінде маңызды мәселе сақтандыру нарығының түрлі қатысушыларын біріктіретін қоғамдық ұйымдарды құру және дамыту болып табылады. Мұндай ұйымдарға оқу бағдарламаларын дайындау, әзірлеу жөніндегі өкілеттіктерді жүктеу және сақтандыру нарығында қызметті жүзеге асыруға пиғылды тұлғаларды оқытуды жүргізу, сондай-ақ сақтандыру нарығына қатысушылардың, оның ішінде сақтандыру агенттерінің, андеррайтерлер мен т.б. қызметін сертификаттау қажет.

Сақтандыру секторын дамытудың маңызды сатысы кепілдік беру институттарының қызметін одан әрі жетілдіру, оны халықаралық практикаға сәйкес келтіру болып табылады.

Кепілдікті схемаларды құру мақсаты сақтандыру қызметінің тұтынушылары және сақтандыру нарығының тұрақтылығын сақтау үшін сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату зардаптарын жұмсартуға негізделген.

Сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп таратқан жағдайда сақтандырушылардың құқықтары мен мүліктік мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету қолданыстағы «Сақтандыру төлемдерін кепілдендіру қоры» акционерлік қоғамының негізгі міндеті болып табылады. Қор міндетті сақтандырудың неғұрлым жаппай түрлері бойынша, атап айтқанда көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі және тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру төлеміне кепілдік береді. 31 сақтандыру ұйымы Қордың қатысушылары болып табылады.

Қордың және сақтандыру ұйымдарының тікелей өзара байланысын ескере отырып Қорды акцияландыру туралы мәселені қарау қажет. Бұл Қордың жұмысын нарық қажеттілігіне бағыттауға, үлкен икемділік пен басқарушылық алуға мүмкіндік береді, бұл Қордың өзінің де, тұтастай алғанда сақтандыру нарығының да елеулі дамуына әкеп соқтырады.

Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесін одан әрі кеңейту мақсатында сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне сақтандырудың басқа міндетті түрлерін, сондай-ақ өмірді сақтандыруды кезең-кезеңмен енгізуге бағытталған шараларды қабылдау қажет, өйткені осы сәтте оның барлығынан да артық жоғары әлеуметтік мәнге ие болуына байланысты осындай кепілдіктерге мұқтаж.

Кепілдік беру резерві сомасының сақталуы мен көбеюін қамтамасыз ету үшін оларды инвестициялауға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін кеңейту қажет.

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 20 ақпандағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» **Заңын**да сақтандыру ұйымдарына өз қызметін «ипотекалық сақтандыру» сыныбы бойынша жүзеге асыру мүмкіндігі берілген. Осымен қатар, «Қазақстандық ипотекалық кредиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының қызметін одан әрі жетілдіру шеңберінде оның қызметін халықаралық тәжірибеге сәйкес келтіру ұйғарылады, ол сақтандыру ұйымына оны қайта ұйымдастыру дегенді білдіреді.

5. Сақтандыру ұйымдарын одан әрі капиталдандыру

5-8 жыл бойы сақтандыру нарығының іс жүзінде өмір сүруі және дамуы кезінде сақтандыру нарығында сақтандыру ұйымдарының банкроттық мысалдары іс жүзінде жоқ. Ішінара бұл уәкілетті органның сақтандыру ұйымын капиталдандыру деңгейіне қоятын талаптарының тұрақты артымен шартталған, оны барлық сақтандыру ұйымдары уақтылы қамтамасыз ете алмайды. Осыған байланысты, мәжбүрлеп таратудың себебі жеке меншік капиталдың жеткіліктігі бөлігінде пруденциалдық нормативтерді орындамау, болып табылады. Бұған бірнеше себептер ықпал етеді: акционерлердің мөлшерінің аздығына байланысты капиталдың талап етілетін мөлшерін төлей алмауы (мәжбүрлеп таратылған сақтандыру ұйымдарының көп бөлігі шағын акционерлері бар үлкен емес болып табылады), сондай-ақ жеке меншік капиталдың жеткілікті жоғары өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейтін барабар емес тарифтік саясаты, жылдам пайда алу үшін ашылған бірқатар сақтандыру ұйымдарының алыпсатарлық бағыттылығы және өзге объективті және субъективті факторлар.

Бұл ретте жеке меншік капиталдың ең аз мөлшеріне қойылатын талаптарды арттырудың негізгі міндеттері жеке меншік капитал өсімінің тиісті қарқынымен қамтамасыз етілмеген жиналатын сақтандыру сыйақылары көлемі өсуінің жоғары қарқыны, ЕС Директиваларында белгіленген талаптарға, атап айтқанда 2-3 млн. еуро жақындауы. Жеке меншік капиталдың ең аз мөлшерінің осы сомасы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын капиталдандырудың кезең-кезеңмен үш жылдық жоспарын аяқтағаннан кейін 2008 жылдың басына қамтамасыз етілетін болады.

Кейіннен сақтандыру ұйымдарын капиталдандыруды сақтандыру ұйымдарының акционерлері тікелей жүргізетін болады, ол объективті себептермен, атап айтқанда сақтандыру ұйымы қызметінің өсуімен шартталған.

6. Сақтандыру ұйымдарын пруденциалдық реттеуді одан әрі жетілдіру

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 20 ақпандағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» **Заңына** сәйкес пруденциалдық нормативтер ЕС Директиваларына (Solvency) және IAIS қағидаттарына сәйкес келтірілді. Risk based supervision енгізу жолымен пруденциалдық реттеуді одан әрі жетілдіру және Solvency II төлем қабілеттілігі жүйесіне көшу талап етіледі. Мұның бәрі сақтандыру нарығын реттеуге және сақтандыру ұйымының тәуекелдерін басқару жүйесін орнатуға жағдайлар жасайды.

7. Сақтандыру статистикасының базасын қалыптастыру, сақтандыру тарифтерін реттеу

Қазіргі сәтте Агенттікке сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарифтерін есептеу әдістемесін қарау жөніндегі өкілеттіктер берілген. Көрсетілген өкілеттік объективтік қажеттілікпен шартталған. Айталық, көптеген сақтандыру ұйымдары клиенттерді тарту мақсатында сақтандырудың ерікті түрлері бойынша тарифтердің деңгейін кірістіліктің жеткілікті деңгейін және тиісінше сақтандыру ұйымының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін мәннен төмен азайтуға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты, сақтандыру статистикасының толыққанды базасы қалыптастырылатын болады, жиналатын деректерді, бірінші кезекте міндетті сақтандыруда сақтау және өңдеу осы сәтте сақтандыру нарығын дамытудың маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Сақтандыру статистикасының деректерін жинау үшін сақтандыру ұйымдарынан өзге мемлекеттік органдар, оның ішінде ішкі істер, мемлекеттік статистика, еңбек және әлеуметтік қорғау органдары тартылатын болады.

8. Сақтандыру қызметтерін сатуда жаңа технологияларды дамыту

Бүгінде сақтанушылар неғұрлым алданғандар болып барады және кез келген уақытта сақтандыру қызметтерін беруді талап етеді. Мұның шешімі Интернет-сақтандыру бола алады, ол тұтастай алғанда, әсіресе ерекше консультацияларды талап етпейтін қарапайым сақтандыру өнімдерін тікелей сату мәнін арттырады.

Кейбір деректер бойынша жыл сайынғы дүниежүзілік сақтандыру нарығының интернет-айналымы 250 млн. долларға жетеді, ол Интернет-сатудың жалпы көлемінің 2-2,5%-ын құрайды. Қазіргі уақытта сақтандыру ұйымдары кірістерінің 2 %-ы электрондық коммерцияға келіп отыр. Сондықтан, Қазақстанда Интернет-сақтандыруды дамыту мәселелері әзірленетін болады.

9. Сақтандыру ұйымдарының тәуекел-менеджменті жүйесін жетілдіру

Сақтандыру ұйымдарының қызметі айқын еместікке негізделетіндігін назарға ала отырып, сақтандыру ұйымдары оның ағымдағы және алда күтілетін қаржы жағдайын қозғауы мүмкін барлық міндеттемелер спектрін ескеру қажет. Осыған байланысты, бүгінгі күні сақтандыру ұйымдарының тәуекелдерін басқару жүйесін құру мәселесі өзекті болып отыр.

Тәуекелдерді басқару жүйесі тиісті корпоративтік саясат пен рәсімдерді дамытуды, тәуекелдерді өлшеудің сандық әдістерін пайдалануды, олардың тәуекелдеріне сәйкес өнімдер мен қызметтерді бағалауды, тәуекелдердің шектерін белгілеуді, ырықтандыру және хеджерлеу арқылы тәуекелдерді басқаруды, шығындарды жабу үшін «қауіпсіздік жастығын» құруды (міндеттемелер мен капитал тарапынан) қамтиды. Бұл құралдарды қолдану тәуекел түріне және қадағалау режиміне байланысты.

Сақтандыру ұйымының тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі мақсаты қандай-да бір тәуекелдерді қабылдау мүмкіндігін және оларды өлшеу мен басқару үшін көзқарастарды белгілеуді анықтау болып табылады.

4.4. Валюта нарығы және бағалы қағаздар нарығы

4.4.1. Валюта нарығы

Мақсаттары мен міндеттері

Орта мерзімді кезеңге валюта нарығын дамытудың мынадай негізгі мақсаттары мен міндеттері айқындалатын болады:

ұлттық валютаның құбылмалы айырбас бағамы режимінің одан әрі тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

мерзімді валюта нарығын (форвардтар, своптар, фьючерстер нарығын) дамытуға қажетті шаралар қабылдау;

спот валюта нарығының және мерзімді валюта нарығының заңнамасын жетілдіру.

Ағымдағы жағдай

Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығы Қазақстан қор биржасының (ҚҚБ) валюталық сегментімен, банкаралық валюта нарығымен және қолма-қол шетелдік валюта нарығымен (банктер мен заңды тұлғалардың айырбас пункттері желісі) берілген.

ҚҚБ-да және банкаралық валюта нарығында сауда-саттық АҚШ доллары, еуро және ресей рублі бойынша жүргізіледі.

2003-2006 жылдары валюта нарығындағы жағдай АҚШ долларына шаққанда теңгенің нығаю үрдісімен сипатталды.

2003-2005 жылдары және 2006 жылдың I жарты жылдығында дүниежүзілік валюта нарықтарындағы ахуалмен, экспорттық пайданың және банк секторының сыртқы қарыз алуымен шартталған АҚШ долларына шаққанда теңгенің атаулы нығаю үрдісі байқалды.

Шілденің үшінші онкүндігінен бастап валюта нарығында ахуал АҚШ долларына шаққанда теңгенің әлсіреуімен сипатталады. Теңге бағамының серпініндегі үрдістің ауысуы Ұлттық қордың қаражатын қалыптастыру және пайдалану тетігінің өзгеруіне, ең аз резервтік талаптар бойынша жаңа ережелерді енгізуге, ҚҚА-ның екінші деңгейдегі банктердің сыртқы қарыз алу деңгейін тартуына жекелеген шектеулер енгізуіне байланысты.

Негізгі шаралар

Алға қойылған мақсаттарды іске асыру үшін мынадай шараларды жүргізу қажет:

қазақстандық теңге бағамының күрт ауытқуын жеңілдету мақсатында өзгермелі айырбас бағамының басқарылатын режим саясатын жалғастыру;

доллар бойынша тәуекелдерді ырықтандыру мақсатында ҚҚБ еуро/теңге бағамына баға белгілеуді бастау.

4.4.2. Бағалы қағаздар нарығы

Мақсаты мен міндеті

Орта мерзімді перспективада бағалы қағаздар нарығының негізгі мақсаттары мен міндеттері:

қор нарығы арқылы несие капиталына қатынауды кеңейту;

бағалы қағаздар нарығында, оның ішінде халықтың есебінен инвесторлар тізбесін арттыру;

бағалы қағаздар нарығында инвесторлардың құқықтарын, оның ішінде миноритарлық акционерлердің құқықтарын қорғау;

бағалы қағаздар нарығында жаңа және өтімді қаржы құралдарын, оның ішінде бөлінген активтермен қамтамасыз етілген облигацияларды (секьюрителендіру тетіктері), өтімді бағалы қағаздарды, инфрақұрылымдық облигацияларды, мемлекеттік кепілдікпен қамтамасыз етілген борыштық бағалы қағаздарды енгізу;

Ағымдағы жағдай

Қазақстанның қор нарығының ағымдағы жай-күйі акциялар нарығының дамымағандығымен сипатталады. Ресми тізім акциялары атауларының шамамен үштен біріне нарықта қол жеткізу мүмкін емес. Олардың арасында қазақстандық экономикада жетекші болып табылатын аса ірі компаниялардың бағалы қағаздары бар.

Бағалы қағаздар айналымның салалық құрылымы Қазақстандық қор биржасының (ҚҚБ) ресми тізімінің құрылымына жауап бермейді. Қор биржасының жалпы айналымындағы акциялардың қайталама нарығының үлесі мардымсыз әрі төмендеу үстінде. Шарттық мәмілелердің басым болуы басты проблема болып табылады. Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі мен ҚҚБ тікелей мәмілелерге қарсы күрес жөнінде шаралар қабылдауда, алайда олардың көлемдік және сандық мәндегі үлесі жоғары болып қалуда.

Негізгі шаралар

1. Акциялар нарығын дамыту

Дүниежүзілік тәжірибе куәландырып отырғандай үлестік нарықты табысты дамыту үшін қажетті шарттар акционерлердің құқықтарын қорғаудың мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз ету, қатаң есептілік стандарттарын сақтау, сыбайлас жемқорлықтың төменгі деңгейде болуы, акциялар нарығында жекелей инвесторлардың бұқаралығы болып табылады.

Сондықтан акциялар нарығын дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының корпоративтік заңнамасын жетілдіру Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын (ХҚЕС) енгізу жолымен толық шамада ақпаратты ашу режимін оңтайландыруға бағытталған іс-шаралар кешенін жүргізу; қолданыстағы корпоративтік заңнаманы құру, корпоративтік басқару саласында заңнаманың сақталуын бақылау жүйесін құру ұйғарылады.

2. Ұсынылатын қаржы құралдарының спектрін кеңейту

Қазақстандық бағалы қағаздар нарығының негізгі міндеттерінің бірі инвестициялау үшін мүмкіндіктерді арттыру мақсатында ұсынылатын қаржы құралдарының спектрін кеңейту болып табылады.

Осы мәселені шешу үшін мыналар басым бағыттар болады:

бағалы қағаздар нарығын одан әрі дамыту, оның ішінде қор нарығында тиісті бағдарды белгілеу үшін тұрақты деңгейде үкіметтік қарыз алуды жүзеге асыру мүмкіндігін қарау, сондай-ақ республиканың ішкі нарығында қаржы құралдарының барлық спектрі бойынша нақты қисық кірістілікті құру;

мемлекеттің кепілдігімен және мемлекеттің кепілгерлігімен бағалы қағаздарды шығару және оның айналымы туралы заңнаманы, көрсетілген кепілдемелер мен кепілдіктерді пайдалану тетіктерін іске асыру бөлігінде жетілдіру;

секьюрителендіру тетіктерін іске қосу;

мемлекеттің кепілдігі бар облигацияларды шығару жолымен мемлекеттік-жеке серіктестік (МЖС) тетіктерін дамыту;

өтімді қаржы құралдар нарығын дамыту жөніндегі тиімді шараларды қабылдау, заңнаманы одан әрі жетілдіру және деривативалар нарығын дамытуға кедергі келтіретін заңнамалық нормаларды жою жоспарланады.

Деривативалардың белсенді нарығын құрудың маңызды буыны Қазақстанда ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздардың өтімді нарығын қалыптастыру болып табылады.

Осыған байланысты Үкімет, Ұлттық Банк және Агенттік мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясына және өтімді нарықты құруға көзқарастар әзірлейтін болады, ол нарық субъектілері үшін қисық кірістілік индикаторларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

3. Мемлекеттік бағалы қағаздар (бұдан әрі - МБҚ) нарығын дамыту

3.1. Шығарылымдар стратегиясы және МБҚ борышын басқару

Ұлттық қордың қаражатын қалыптастыру және пайдаланудың орта мерзімді перспективаға арналған тұжырымдамасына сәйкес үкіметтік қарыз алу саясаты кепілдік берілген борышты ескере отырып, Ұлттық қор активтерінің нарықтық құнына қатысты үкіметтік борыштың 50-70 пайыздық арақатынасына қол жеткізуге бағдарланатын болады.

Бұл ретте, қаржы нарығын дамыту үшін бюджеттің қалыптасатын нақты атқарылуына қарамастан, МБҚ-ны бастапқыда жоспарланған көлем мен кесте бойынша тұрақты деңгейде шығару жүзеге асырылатын болады.

МБҚ бойынша қисық кірістілікті құру жөнінде қойылған міндетті іске асыру мақсатында бағалы қағаздар нарығында МБҚ жасанды сұранысты азайту жөніндегі іс-шаралар көздеу ұйғарылады. Бұдан басқа, мемлекеттің қатысуы бар ұйымдардың да, жинақтаушы зейнетақы қорларын қоса алғанда өзге нарық қатысушыларының да МБҚ сатып алуы жөніндегі міндеттерді алып тастаған жөн. Бұл ретте көрсетілген талаптарды алып тастау нарықта баламалы қаржы құралдарының пайда болуына қарай кезең-кезеңмен жүзеге асырылуы тиіс.

Мемлекеттік қаржыландыру стратегиясын анықтауға байланысты нарық отандық бағалы қағаздар нарығын дамытуды қолдау үшін елеулі тірек болып табылады. Мұндай стратегия жаңарған нарық қағидаттарын қатаң сақтауды қамтиды, бұл қол жетімділік пен айқындылық қағидаттары, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығы арқылы инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін міндеттемелерді тарту және қаржы нарығында қаражатты тарту жолымен басым инфрақұрылымдарды дамытуға белсенді инвестициялау.

Мемлекет қол жетімділік пен айқындылық қағидаттары шеңберінде борыштың құрылымы, инвестициялық жобаларға қажетті қаржыландыру және нарық қатысушылар мен тұтастай алғанда қоғам үшін борышты басқару стратегиялары туралы ақпараттың жоғары сапасын жетілдіретін және қамтамасыз ететін болады.

Орта мерзімді кезеңде қаржы секторын дамыту мақсатында бағалы қағаздар нарығын дамытуға ықпал ететін төрт іргелі салаға ерекше көңіл бөлетін болады, олар мыналар:

1) инфрақұрылымның ақпараттық айқындылығы;

2) қаржы ұйымдарының беріктігі мен сенімділігі;

3) зейнетақы қорларының инвестициялық портфелін әртараптандыру және пайыздық ставкаларды ырықтандыру;

4) заңнамалық базаны жетілдіру.

Бұдан басқа, айналыс мерзімі неғұрлым ұзақ МБҚ-ны кезең-кезеңімен енгізу жүзеге асырылатын болады; сондай-ақ зейнетақы қорлары мен қор нарығына басқа қатысушылардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін борыштық құралдар нарығында баламалы құралдарды, әсіресе, инфрақұрылымдық облигацияларды дамыту жөнінде шаралар қабылданады.

3.2. Тиісті бэнчмарканы белгілеу және МБҚ нарығында нақты қисық кірістілікті құру

Айналыс мерзімі неғұрлым ұзақ МБҚ-ны кезең-кезеңімен енгізуді жүзеге асыру ұйғарылады. Бұл ретте, қисық кірістілікті құру үшін айналыс мерзімі бар ай және одан асатын МБҚ шығаруды жүзеге асыру ұйғарылады.

4. Бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымын жетілдіру

Бағалы қағаздар нарығын дамытумен дамыған инфрақұрылымның болуы үлкен мәнге ие. Осыған байланысты бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымын одан әрі дамыту жөніндегі жұмыстарды жүргізу қажет. Техникалық инфрақұрылымды жетілдіруге ерекше көңіл бөлінуі тиіс, атап айтқанда Алматы қаласы Өңірлік қаржы орталығының жұмыс істеуіне байланысты Алматы қаласының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының сауда алаңында қаржы орталығының арнайы сауда алаңын ұйымдастыру қажет. Осыған байланысты өңірлік қаржы орталығы қызметінің ерекшелігіне сәйкес ҚҚБ сауда жүйесін бейімдеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу қажет, атап айтқанда шетелдік эмитенттердің бағалы қағаздарын айналдыру, сондай-ақ сауда-саттыққа шетелдік брокер дилерлердің қатынауы "Т+3" орындау мерзімі бар сауда жүйесінде мәмілелер жасау, сондай-ақ клирингтік жүйелерді пайдалану мүмкіндігін қарауды талап етеді. Орталық депозитарий қызметінде сондай-ақ оның бағдарламалық қамтамасыз етуін ҚҚБ сауда жүйесінің мүмкіндіктеріне сәйкес келтіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу қажет.

Бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымын дамытуда маңызды мәселе сондай-ақ бағалы қағаздарға құқықтарды есепке алу, сондай-ақ олар бойынша жеке меншік құқықтарының өтуін есепке алу болып табылады, ол бағалы қағаздарға құқықтарды тіркеу процесінде туындайтын тәуекелдерді азайтуға оң әсер ететін болады және бағалы қағаздар меншік иелерінің құрылымының айқындылық деңгейін арттыруға, инвесторлардың құқықтарын қорғауға ықпал ететін болады.

Бағалы қағаздардың әр түрлері бойынша қаржы құралдарының әділ (нарықтық) құнын анықтау әдісін іс жүзінде пайдалану және қолдануды жетілдіру.

5. Бағалы қағаздар нарығы кәсіби қатысушыларының қызметін пруденциалдық реттеуді жетілдіру, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу

Бағалы қағаздар нарығында тәуекелдерді басқару мәселелерін жетілдіру мақсатында тәуекелді қадағалауға бағдарланған халықаралық пруденциалдық реттеу стандарттарына сәйкес бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының қызметін пруденциалдық реттеуді жетілдіру және оларда тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу ұйғарылады.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі мақсаты қандай-да бір тәуекелдерді қабылдау мүмкіндігін және оларды өлшеу мен басқару үшін көзқарастарды белгілеу болуға тиіс.

6. Өтімді бағалы қағаздар нарығын дамыту

Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай қаржылық секторды дамыту деңгейі қор нарығының өтімділігі және өтімді қаржы құралдарының нарығын дамыту деңгейіне барабар. МБҚ нарығында нақты қисық кірістілікті құру өтімді қаржы құралдары нарығын дамытуға негіз болуы тиіс.

Ағымдағы сәтте қолданыстағы Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамыту тұжырымдамасында қойылған өтімді қаржы құралдары ұғымын, олардың айналымы мен салық салу тәртібін анықтау жөніндегі мәселе шешілмегендігін атап өту қажет. Мүмкін осы факт, сондай-ақ мәмілелердің үлкен көлемін қолдауға дайын маркет-мейкерлердің болмауы көбіне өтімді қаржы құралдары нарығының дамымағандығын түсіндіреді.

Өтімді қаржы құралдары нарығын дамыту бойынша бірінші қадам Ұлттық Банктің банкаралық валюта нарығында негізгі маркет-мейкер ретінде әрекет етуі болмақ, ол басқа нарық қатысушыларын ынталандыруы және неғұрлым өтімді құралдардың (опциондардың) туындауына ықпал етеді.

Қажетті шаралар:

Қазақстан Республикасының заңнамасына (**Азаматтық Кодекс**, **Салық кодексі**, Бағалы қағаздар нарығы туралы **заң**) өзгерістер мен толықтырулар енгізу жолымен өтімді қаржы құралдары ұғымын, олардың айналыс және салық салу тәртібін анықтау;

1 жылға дейін мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша қисық кірістілікті құру;

банкаралық валюта нарығында оларды бір жылға дейінгі мерзіммен одан әрі бүкіл қисық кірістілік бойынша белгілеу перспективасымен 1 айға дейінгі мерзімі бар мерзімді келісім-шарттарды белгілеуді жүзеге асыру.

4.5. Микроқаржыландыру: сектордың Қазақстан Республикасы қаржы жүйесінің бір бөлігі ретінде міндеттері мен оны дамыту

Мақсаты мен міндеттері

Микроқаржы қызметтеріне қол жеткізу арқылы халықтың әлеуметтік осал топтарының және қазіргі уақытта банк секторының қаржылық қызметтерімен қамтылмаған шағын кәсіпкерлік субъектілерінің мүмкіндігін кеңейту, ол мыналарға мүмкіндік береді:

кәсіпкерлік бастамасын дамыту;

жұмыспен қамтылуын арттыру;

өмір сүру деңгейін көтеру;

қаржылық білімділік деңгейін көтеру.

Ағымдағы жағдай

Қазақстанда бірқатар микроқаржы ұйымдары (МҚҰ) жұмыс істейтініне қарамастан, олар ұсынатын қызметтердің саласы мен көлемі әлі де шектеулі. Қазақстанда МҚҰ микрокредиттерді ғана ұсынады және олардың қызметінің қамтуы әзірше шағын.

Қазақстанда микроқаржы қызметтері ұйымдардың төрт түрін ұсынады: коммерциялық банктер (EBRD бағдарламалары арқылы), банктік емес қаржы ұйымдары, кредиттік серіктестіктер мен микрокредиттік ұйымдар.

Кредиттік серіктестіктер нарығының дамуын талдау қадағаланып отырған үрдістердің нарық қажеттіліктеріне сәйкес келмейтінін көрсетеді. Кредиттік серіктестіктердің жиынтық кредиттік портфелі олар қамтитын клиенттер санымен қатар барынша мардымсыз әрі банктердің осыған ұқсас сипаттамаларымен салыстыруға келмейтін болып табылады.

Кредиттік серіктестіктердің, оның ішінде кредиттерді беру жөніндегі қызметі қатысушылардың тар аясымен шектелгендігін назарға ала отырып, кредиттік серіктестіктердің даму деңгейінің төмен екендігін бекітуге болады.

Осы уақытқа дейін микроқаржыландыруды тежеп отырған негізгі фактор микроқаржыландыру жүйесін дамытуға деген тұжырымдамалық көзқарастың, осы секторды мемлекет тарапынан кешенді қолдаудың болмауы болды.

Қаржы секторында бәсекені арттыру жөнінде шаралар қабылдауға шақыратын Президенттің Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі бәсекені дамыту үшін жағдайлар жасау жөнінде міндеттер қойды. Кредиттік серіктестіктер мен микрокредит ұйымдары сияқты ұйымдар неғұрлым ұтқыр және мамандандырылған қаржы институттары бола отырып, банктік қызметтерге балама қызметтер ұсына алар еді.

Негізгі шаралар

Халықтың қаржы ресурстарына қол жеткізуін, кредиттік серіктестіктер мен микрокредит ұйымдары ұсынатын қызметтердің спектрін кеңейту, қосымша жұмыс орындарын құру, кедейлік деңгейін төмендету және халықтың табысын ұлғайту жолымен әлеуметтік проблемаларды шешу, шағын және орта кәсіпкерлікті

дамыту, қаржы нарығында бәсекені ынталандыру, МҚҰ-ларды қаржыландыру көздерімен қамтамасыз ету, республиканың қаржы жүйесінің бір бөлігі ретінде орнықты микроқаржы секторын құру мақсатында орта мерзімді перспективада мынадай шараларды қабылдау қажет:

кредиттік серіктестіктер мен микрокредит ұйымдарын мемлекеттік қолдау тетігін одан әрі жетілдіру;

микроқаржы ұйымдарының кәсіби қызметтер мен ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ететін көмекші қызметтер мен инфрақұрылымды дамыту үшін ынталандырушылар жасау;

кредиттік серіктестіктер мен микрокредит ұйымдарының қызметін мониторингтеуді жүргізу сапасын арттыру, оның ішінде олар статистика органдарына беретін есеп нысандарын жетілдіру.

5. Қаржы лизингі

Ағымдағы жағдай

2005 жылы лизингтік компаниялар 1358 қаржы лизингі шартын жасасты, ол бойынша 4191 бірлік мүлік сатылды. Қаржы лизингі шарттары бойынша берілген мүліктің іс жүзіндегі құны 20,8 млрд. теңгеден астамды құрады. Соңғы жылдары лизингтік мәмілелер портфелінің көлемі 6 есеге дерлік өсті және бағалау бойынша 350,0 млн. АҚШ долларынан асты. Жасалған лизинг шарттар санының төрт еседен астамға артқандығы байқалды. Негізгі капиталға инвестициялардың жалпы көлеміндегі лизингтің үлесі 1,8%-ға өсті. Лизингтік қызметтер нарығы инвесторлар үшін де, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді өндірушілер үшін де барған сайын тартымды болып отыр.

Соңғы жылдардың ішінде лизингтің ең аз мөлшерін 2004 жылға дейін шектеу лизингті дамытудың тежеуіш факторларының негізгі болып табылды. Пайдалану қызметінің мерзімі 10 - 20 жылды құраған негізгі қаражатты іс жүзінде лизингке беру мүмкін болмады. Лизинг мерзімі 8 - 16 жылдан кем болмауы тиістігіне және меншік құқығы осы мерзім аяқталғаннан кейін ғана лизинг алушыға берілуі мүмкін болғандығына байланысты. Бұл мәміле бойынша тәуекелді елеулі арттырды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаржы лизингін дамыту үшін түрлі шаралар қабылдады. Атап айтқанда, бұл 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген Қазақстан Республикасының «Бюджетке салықтар және басқа міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) **кодексіне** өзгерістер мен толықтыруларды қабылдау. Бұл Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы лизингі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» **Заңы**. Салық және азаматтық заңнамада қаржы лизингін реттеу халықаралық стандарттарға жақындатылған, бұл шағын және орта бизнесті дамытуға, кәсіпорындарда негізгі қаражатты жаңарту қарқынын жеделдетуге ықпал етеді. Мынадай өзгерістер мен толықтырулар неғұрлым маңызды болып табылады: лизинг мерзімін 3 жылға дейін қысқарту бөлігінде қаржы лизингінің анықтамасы; «қайталама лизинг» ұғымын енгізу, бұл теріс пиғылды лизинг алушылардан алу кезінде лизинг заттарын қайталап беру мүмкіндігін береді, бұл лизинг берушілер тәуекелін азайтады; бұйрық өндірісі тәртібімен теріс пиғылды клиенттерден лизинг заттарын алып қою; лизинг мерзімін анықтау, мысалы, лизинг берушіде меншік құқығын сақтаған кезде лизинг шартын бұзу лизинг мерзімін бұзуға әкеп соқтырмайды, бұл лизинг затын бір лизинг алушыдан қайтарған және екіншісіне берген жағдайда өте маңызды, сондай-ақ лизинг шартын бұзуға және мүмкін салық шығындарына байланысты лизинг берушінің тәуекелдері азайтылды; жылжымайтын мүлік және көлік бөлігінде тіркелуі басқа заңнамалық актілермен көзделгендерді қоспағанда, лизинг шарттарын міндетті тіркеуді жою.

Тұтастай алғанда азаматтық-құқықтық мәселелерді және лизингтік операцияларға салық салуды реттейтін жеткілікті оң заңнамалық база құрылды.

Негізгі шаралар

Салық саясаты, тіркеу рәсімдері, статистикалық мәліметтер мәселелерін, қоса алғанда лизингтік операцияларды одан әрі жетілдіру.